



Поздравляем!

Коллектив университета с успешным прохождением международной аккредитации!!!

По итогам заседания Аккредитационного Совета Независимого агентства аккредитации и рейтинга (IAAR) от 13 ноября 2020г. принято решение:

О международной специализированной аккредитации образовательных программ Западно-Казахстанского университета им. М.Утемисова:

- | | |
|--|---|
| 1) 6B02105 Хореография | 9) 7M02109 Дизайн 1 |
| 2) 6B11102 Культурно-досуговая работа | 10) 6B02302 Филология: русский язык |
| 3) 6B03201 Библиотечное дело | 11) 7M02302 Филология: русская филология |
| 4) 7M01404 Музыкальное образование | 12) 7M02305 Филология: русский язык 1,5 |
| 5) 7M01405 Музыкальное образование 1 | 13) 7M02306 Филология: русский язык 1 |
| 6) 7M01406 Музыкальное образование 1,5 | 14) 6B03101 Социология |
| 7) 7M02101 Дизайн | 15) 6B03102 Международные отношения |
| 7M02108 Дизайн 1,5 | 16) 6B03103 Регионоведение сроком на 5 лет. |

О международной специализированной аккредитации образовательных программ:

- | | |
|--------------------------------------|-------------------------|
| 17) 6B06102 Информационные системы | программное обеспечение |
| 18) 6B06103 Вычислительная техника и | сроком на 3 года. |

О международной специализированной первичной аккредитации (ex-ante) образовательных программ:

- | | |
|--|------------------------------------|
| 19) 6B01406 Художественный труд и дизайн в школе | 25) 6B01502 Математика-Физика |
| 20) 6B02108 Moda и дизайн костюма | 26) 6B01503 Математика-Информатика |
| 21) 6B02109 Дизайн интерьера | 27) 6B01505 Физика-Информатика |
| 22) 7M03101 Международные отношения 1 | 28) 6B01508 Химия-Биология |
| 23) 7M03102 Международные отношения | 29) 6B07101 Химическая технология |
| 24) 7M03103 Международные отношения 1,5 | сроком на 5 лет. |

Желаем всему коллективу крепкого здоровья, благополучия и дальнейших успехов по повышению качества образовательной и научной деятельности!

Айтыс Жүлдегерлері

IX республикалық «Алтын домбыра» айтысы қорытындыланып, осы айтыста үш айналым бойы облысымыздың намысын қорғап, университетіміздің мерейін асқақтатқан әріптесіміз **Жансая Мусинаны** айтыс нәтижесі бойынша үздіктер қатарында марапатталып, белгілі меценат Дулат Тастекеев тағайындаған 2 млн 400 мың теңге стипендияға ие болуымен шын жүректен құттықтаймыз. Жайықтың Жансаясына айтыс өнерінің биігінде жүруіне қашанда тілекшіміз.

ҚР Тәуелсіздік күніне орай Қадыр Мырза Әли атындағы облыстық мәдениет және өнер орталығы, Айтыс ақындары мен жыршы-термешілердің Халықаралық одағының БҚО филиалы мен Орал қаласының әкімдігі, Орал қаласының ақпараттық-талдау және жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталықтың ұйымдастыруымен «ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ТАРТУ» атты оқушылар мен жас ақындардың аймақтық айтысы өтті.



Бұл айтыстың басты жаңалығы – сахнаға төселген белгілі айтыскерлер (тәлімгерлер) мен өнерге енді қадам басқан оқушы және жас ақындар бақ сынасты. Сайыс талабына сай тәлімгерлер айтысқа жүлдеден тыс қатысты.

Қазылар алқасының шешімі бойынша Филология факультетінің 1-курс студенті **Әділ Ахметов** бас жүлдеге ие болды.

Әділге алдағы бәсекелерде де шалқар шабыт тілейміз!



Уважаемые коллеги, наши ветераны, преподаватели, сотрудники!

Сердечно поздравляю Вас с общенациональным праздником — Днём Независимости Республики Казахстан!

Сегодня наше государство является неотъемлемой частью цивилизованного мира.

В достижениях страны за годы Независимости есть частица труда каждого казахстанца, в том числе и нашего коллектива.

Несмотря на трудности сегодняшнего периода, уходящий год был для нас плодотворным. В 2020 году наш Университет успешно прошел международную специализированную аккредитацию образовательных программ Независимым агентством аккредитации и рейтинга (IAAR). Ряд наших преподавателей и сотрудников были удостоены высоких наград и признания общества. Это также достижения и победы наших студентов. Значительно повысилась результативность научно-исследовательской деятельности, продолжается работа по усилению кадровой подготовки молодых ученых...

Уважаемые коллеги, я благодарен каждому из вас за созидательный труд и за активное участие в развитии нашего университета!

Искренне желаю вам и вашим близким здоровья, счастья, благополучия, профессиональных успехов, новых достижений на благо университета и страны!

И.о. Председателя Правления-ректор,
к.б.н., ассоциированный профессор
Сергалиев Нурлан Хабибуллович



Құрметті оқытушылар, ардагер ұстаздар, студенттер!

Сіздерді Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Қазақ ежелден әрбір жаңа күннен жақсылық күткен. Жаңа жыл қазақтың төл мерекесі болмағанмен, бұл біз үшін жаңа күннің ғана емес, он екі айдың есігін айқара ашатын уақыты. Сіздерді Жаңа жыл мерекесімен құттықтай отырып, ұстаздар қауымына тәуелсіз ел ертеңі үшін жасап жатқан еңбектеріңізге толағай табыс, отбасыларыңызға бақ пен ырыс, студент жастарымызға білім мен ғылымның биік шыңын бағындыруды тілеймін. Жаңа жыл барша адамзатқа бақытты болашаққа үміт, жемісті бастамаларға жарқын келешек сыйлайды. Осы жаңа жыл барлығымызға бейбітшілік, амандық пен молшылық әкелсін. Қиындықтар артта қалып, жаңа жыл бірлік пен берекенің, игілікті жаңа бастамалардың жылы болсын!

Ізгі ниетпен,
Басқарма Төрағасының-ректордың м.а., б.ғ.к., қауымдастырылған профессор
Сергалиев Нұрлан Хабиболлаұлы

Ақпараттық-түсіндіру жиналысы өтті

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде оқып жатқан бітіруші курс (бакалавр) студенттеріне Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында көрсетілген міндетті еңбек өтілімі бойынша ақпараттық-түсіндіру жиналысы өтті.

Кездесуде Басқарма төрағасының орынбасары, академиялық мәселелер жөніндегі проректор А.С.Тасмағамбетов, Қазақстан Республикасының Білім және ғылыми министрлігі «Қаржы орталығы» АҚ-ның өкілетті өкілі Серікқалиқызы Ақзира, мансап және жұмысқа орналастыру орталығының өкілдері, бітіруші курс студенттері қатысты. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқыған түлектердің міндетті жұмыс өтілімі бойынша нормативтік құқықтық актілерге түсініктемелер берілді. Түлектер қаржы орталығының өкілінен өздерінің

көкейлеріндегі сұрақтарға жауап алды.

Ақпараттық-түсіндіру жиналысы ZOOM платформа-сында онлайн түрінде өтті.



СТУДЕНТТЕРІМІЗ «Талап» радиосында

Жуырда М.Өтемісов атындағы БҚУ Мәдениет және өнер факультетінің музыкалық білім және вокал мамандығының мүмкіндігі шектеулі студенттері Сәкенұлы Шапағат, Қуанышқалиев Асылбек және Қоныс Сағынған «Талап» радиосына сұхбат берді.



Студенттер өз сұхбаттарында оқу мен өнерді қатар алып, бос уақыттарында ән жазып, музыка өңдеумен айналысып, уақыттарын тиімді өткізетіндіктерін айтты. Сонымен қатар М.Өтемісов атындағы БҚУ-ға оқуға түскендерін мақтанышпен айта отырып, оқу үрдісінде өздерінің ерекшелігіне байланысты факультетте барлық жағдайдың жасалғаны, студенттік кітапханада инклюзивтік білім алу үшін кітаптар қорының жеткілікті екенін жеткізді. Сондай-ақ студенттеріміз университет кітапханасынан басқа облыстық кітапхананың тұрақты оқырмандары екенін баяндады. Сұхбат барысында өнерлі жігіттеріміз жанды дауыста ән салып, радио тыңдаушы тыңдармандардан тікелей эфир барысында келген түрлі сұрақтарға жауап беріп, алға қойған мақсаттарымен бөлісті.

Тікелей эфир барысында өнерлі өрендерге түрлі сұрақтармен бірге жақсы тілектер де жолданды.

Біз де өнерлі студенттерімізге үлкен табыстар мен шығармашылық жетістіктер тілеп, болашақтарының жарқын болуына тілек білдіреміз.

Р. КУАНШАЛИЕВА, К. БИСЕКОВА,
Мәдениет және өнер факультетінің оқытушылары


Шарада БҚО Орал қаласы бойынша «Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арналған дағдарыс орталығы» КММ жанынан құрылған «Отбасы» орталығының заңгері Құлымжанова Айнара Нұрбайқызы және орталық тәрбиешісі Джумағалиева Айсұлу Базаровна, сондай-ақ Алматы қаласы Медеу аудандық сотының төрайымы, заң ғылымдарының докторы Маликова Айгүл Шарипхановна студенттер мен оқушылардың қойған сұрақтарына жауап беріп, тәжірибемен бөлісті. Мамандар зорлық – зомбылықтың сан түрін сипаттай келіп қоғамда жиі кездесетін педофилизмге, отбасындағы қатыгездік пен қорғансыздық, ажырасу, алимент, суицид сынды тақырыптарды да тыс қалдырмады.

Мен

ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚКА

қарсымын

20 қараша - Дүниежүзі бойынша Бала құқығы күні ретінде аталып өтілуде. Жиырма төртінші рет қайталанып отырған бұл үрдіс БҰҰ Бас Ассамблеясы 1989 жылғы 20 қарашада Бала құқықтары туралы Конвенцияны қабылдағаннан кейін 1996 жылы Францияның бастамасымен 20 қарашаны жыл сайын Балалардың құқықтары күні ретінде атап өту туралы шешім қабылданды. Аталмыш күнді насихаттау мақсатында республикамызда «Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» науқаны жүргізілуде. Осы науқан аясында М.Өтемісов атындағы БҚУ құқықтық пәндер кафедрасы «Мен зорлық-зомбылыққа қарсымын» тақырыбында онлайн диалог ұйымдастырды.



Елін сүйген, елі сүйген Елбасы

27 қараша күні М.Өтемісов атындағы БҚУ педагогика факультеті Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру кафедрасының топ кураторлары Ж.Т.Тапаева, Ж.Ж.Нәбиева, О.А.Панищеваның ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне арналған «Елін сүйген, елі сүйген Елбасы» атты дөңгелек үстел өткізілді.

Дөңгелек үстелдің мақсаты - еліміздің еңсесін тіктетіп, мемлекетімізді мығымдап берген, халқымызды әлемге танытып, алаш баласының абыройын асқақтатқан Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаевтың болашақты болжай білетін көреген саясаткерлігі мен биік мақсаттарға қол жеткізу жолындағы жетістіктері туралы ой – пікір алмасу. Жастарға Елбасының сан қырлы талант иесі, құдіретті тұлға екенін таныту, ел болашағын ойлайтын, халқы үшін еңбек ететін, ұлттық санасы, құқықтық мәдениеті қалыптасқан жастарды тәрбиелеу, жастардың қоғам өміріндегі белсенділігін арттыру, еліміздің мәдени, рухани, ғылыми дамуын көшбасшылыққа, жаңашылдыққа бейімдеу.

Шара барысында педагогика факультетінің деканы Г.А.Ергалиева мен тәрбие бөлімінің жетекшісі Ж.Е.Ешимова студенттерге алғысөз сөйледі. «Менің Қазақстаным» тақырыбында «ПМНО-11» тобының студенті Уразбекова Дильназ, «Фкс-11» топ студенті Нұржанов Дәулен, «СПС-11» топ студенті Шандаев Тимурхан өлең оқып, «Елін сүйген Елбасы» тақырыбында бейнеролик көрсетілді. Ғылыми кітапханашы С.С.Нургалиева «Елін сүйген, елі сүйген Елбасы» тақырыбында библиографиялық шолу жасады. Ал ҚР тарихы кафедрасының оқытушы-магистрі А.Б.Гарифуллина «Елбасы өмірінің жарқын белестері» тақырыбында, Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру кафедрасының оқытушы-магистрі Ж.Ж.Нәбиева «Жастарды қолдау тұрақтылық пен орнықты дамудың



негізі» тақырыбында, «Рухани Жаңғыру» институтының ғылыми қызметкері Т.Т.Шайхиев «ҚР Тұңғыш Президентінің Қазақстан мемлекеттілігінің қалыптасуындағы рөлі» тақырыбында баяндама оқыды.

Шара соңын «ПМНО-22» топ студенті Латышева Анна жалынды сөздерімен, ПиП-21 тобының студенті Олжағали Арай «Қазақстаным» атты әсем әнімен қорытындылады.

Елбасы - ұлттық бірліктің кепілі

26 қараша күні Тарих, экономика және құқық факультетінде 1 желтоқсан Тұңғыш Президент күніне орай “Елбасы-ұлттық бірліктің кепілі” атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Алғысөзді Дүниежүзілік тарих және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент А.Ш.Журасова ашып, кейіннен баяндамашыларға сөз берілді. Алғашқы болып баяндаманы дүниежүзілік тарих және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының аға оқытушысы Т.Т.Шайхиев “Қазақстанның саяси жүйесі және оны жаңғырту ерекшеліктері” тақырыбында оқып, елдің экономикалық, әлеуметтік жағдайын саралап, жаңғырту ерекшеліктерін атап өтті. Келесі баяндаманы философия ғылымдарының кандидаты, дүниежүзілік тарих және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының доценті К.М.Науанова “Духовные основы национального единства казахстанского общества” тақырыбында Қазақстандық қоғамның ұлттық бірлігінің рухани негіздерін ашып көрсетсе, дүниежүзілік тарих және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының аға оқытушысы М.Б.Гайсина “Ұлтаралық келісімнің Н.Ә.Назарбаевтық моделі” тақырыбында Ұлтаралық келісімдердің мемлекет үшін маңыздылығын және Н.Ә.Назарбаевтың ұсынған модельдерін ашып, студенттерге түсіндірді.

Сонымен қатар, дүниежүзілік тарих және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының аға оқытушысы Г.Н.Есеева “Роль Н.А.Назарбаева в формировании и осуществлении многовекторной внешней политики РК” атты өз баяндамасында Қазақстанның қазіргі сыртқы саясатына басымдылық танытты. Кеш барысында ҚР Президенттік институтының конституциялық негіздері, ҚР Президентінің жаңғырту жобаларын және ұлттық бірлікті сәтті жүзеге асыру үшін сыртқы саяси жағдайларды қалыптастырудағы рөлі, ҚР саяси жүйесінің және оны жаңғыртудың ерекшеліктері сынды ауқымды тақырыптар талқыланды. Кеш соңында жастар ісі жөніндегі комитет жетекшісі А.О.Қонысбаев кештің жоғары деңгейде өткендігін, өзіне көп ақпарат алғандығын айтып, баяндамашылар мен ұйымдастырушыларға алғысын білдірді. Студенттерден Ақтоты Дукес және МО-31 тобының студенттері Маратова Айзере мен Задагереева Бекзада, Қамешева Жанәсел өз тілектерін білдіріп, баяндамадан тұжырымды ой қалыптастырып, мотивация алғандарын жеткізді.

Тұлғасы тұнған тәлім, есімі елге мәлім

18 қараша күні Педагогика факультеті мектепке дейінгі және бастауышта білім беру кафедрасының оқытушылары Ж.Ж.Нәбиева, Б.Ерболат, Г.С.Мухиева ПИМНО-21, ДОВ-21, ДОВ-31 топтарына қайсар жүрек Бауыржан Момышұлының 110 жылдық мерейтойына арнап «Тұлғасы тұнған тәлім, есімі елге мәлім – Бауыржан Момышұлы» тақырыбында онлайн танымдық кеш ұйымдастырды.

Мақсаты - аты аңызға айналған қазақ халқының батыры, Халық қаһарманы Бауыржан Момышұлының өмірі және шығармашылық жолымен таныстыру, ерлікке толы өмірін үлгі ету. Шара барысында қайсар

батырымыздың өмірі мен шығармашылығы жөнінде баяндама оқылып, өнегеге толы нақыл сөздері айтылып, талданды. «Менен артық, менен батыр, менен ақылды жігіттердің өліп кеткенін өз көзіммен көрдім» деген, сол майданда өз өмірлерін қиған деп тілге тиек еткен батырымыздың өз дауысымен айтқан жазбасы тыңдалды. Сонымен қатар, студенттер Бауыржан атамыздың батыр бейнесін жырлаған өлең шумақтардан мәнерлеп оқыды.

Шара соңында сұрақтар қойылып, әсерлі әнмен аяқталды.

Ж.Ж.НӘБИЕВА,
аға куратор

Дөңгелек үстел оздырылды

Тарих, экономика және құқық факультеті құқықтық пәндер кафедрасының ұйымдастыруымен Тәуелсіздік күні қарсаңында және Салық Зимановтың 100 жылдық мерейтойына арналған «Қазақ қоғамындағы заңгерлердің қалыптасу мектебі» атты дөңгелек үстел оздырылды.

Тәуелсіз Қазақстанда батыстық өркениеттің жемісі болып табылатын құқықтық мемлекетті қалыптастыру қажеттілігі бүгінде өзекті болып отыр. Осы жолда біз еркін демократиялық қоғамды дамытудың жедел бағытын жария еттік.

Ұлттың ұлы идеясын ұстанып отырған мемлекетіміздің өмірінде, құқықтық мемлекетті құру жолында саяси реформалар ерекше орын алады. Құқықтық мемлекеттің нақты тарихи қалыптасу тәжірибесі мен дамуы әлеуметтік-экономикалық және саяси деңгейімен, қоғамдық құқықты сезіне алушылығымен, ұлттық және тарихи салт-дәстүрлермен анықталады. Саяси мәдениеті әлемдік деңгейге көтерілген, оқыған, сауатты, кәсіби даярлығы заманына сай адамгершілік, имандылық қасиеттері ата-бабамыздың сан ғасырлық құндылықтарымен сусындаған Ж.Ақбаев, Б.Қаратаев, Б.Сыртанов, Р.Мәрсекөв, Ж.Досмұхамедов, С.Зиманов, С.Сартаев сынды тұлғалар қазақ қоғамындағы заңгерлер мектебінің қалыптасуына негіз болды. Қазақ зиялыларының өмірі мен ісін мұқият зерттеп, олардың жетістіктерін бағалап, даналығын бағамдап және олар ашқан ақиқатты пайымдау мақсатында ұйымдастырылған дөңгелек үстелде баяндамалар оқылды.



Сиқырлы әлем - ДЕНСАУЛЫҚ

Қазіргі таңда бүкіл жер шарын дүр сілкіндірген коронавирус пандемиясы қазақстандықтардың өміріне де елеулі өзгеріс енгізді. Осыған байланысты вирустың 2-ші толқынының алдын алу мақсатында қараша айының 19-жұлдызында Тарих, экономика және құқық факультетінің оқытушылары Н.Н.Майманова мен Э.Н.Баудиярованың ұйымдастыруымен «Сиқырлы әлем-денсаулық» атты онлайн шара өткізілді.

Кеш қонағы ретінде тәжірибелі дәрігер Есіркеп Аружан Фазылханқызы және университетіміздің дәрігерлік бөлімшесінің дәрігері Бигельдиева Венера Толқыновна қатысып, студенттерге бұл вируспен қалай дұрыс күресуге болатынын толықтай жеткізді. Шара барысында дәрігерлер COVID-19 вирусы мен пандемияға нақты анықтама беріп, айырмашылықтарын, олармен күресудің 11 жолын көрсете отырып, иммунитетті қандай дәрі-дәрмектермен көтеруге болатындығы жайында толықтай түсіндіріп берді.


Студенттер вирус және олармен күресу жолдары бойынша қызықтырған сұрақтарын қойып, нақты да түсінікті жауаптарын алды.

Кеш соңын Тарих, экономика және құқық факультетінің тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары Н.Н.Майманова қорытындылап, денсаулықтың адам өміріндегі баға жетпейтін ең бағалы дүние екендігін атап өтті.

Бекзада ЗАДАГЕРЕЕВА,
Халықаралық қатынастар мамандығының
3-курс студенті

Қараша айының 26-28-жұлдызында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің жаратылыстану-география факультетінде қашықтан оқыту шеңбері аясында ұйымдастырылған онлайн конференцияда Назарбаев Университетінің Медицина Мектебінің оқытушысы, Спорттық медицина және Реабилитология магистратура бағдарламасы директорының орынбасары, PhD доктор, дәрігер Е.Ө.Рахманов «Коронавирустан кейінгі реабилитация: емдік дене шынықтыру және тамақтану ұсыныстары» және «Спорттағы таланттарды анықтау» тақырыптарында университеттің профессор-оқытушы құрамы, магистранттар және студенттер үшін дәріс оқыды. Елтай Рахмановтың ғылыми-зерттеу тақырыбы – “Бағаналы жасушаларды жарақат салдарынан болған шеміршек тіңдерінің ақауын емдеуге қолдану”.

PhD дәрігер Е.Ө.Рахмановпен өткен кездесу



Елтай Рахманов бірінші дәрісінде ДДҰ-ның құнарлы тамақтану және қимыл-қозғалыстарға арналған ұсыныстары туралы айту барысында, дәйекке негізделген ғылыми мәліметтерді қолданып, Cochrane кітапханасының базасындағы коронавирусқа арналған емдік дене шынықтыру мен реабилитация туралы мәліметтер берді.

PhD доктор Елтай Рахмановтың екінші дәрісінде спорттағы таланттарды анықтаудың биологиялық/физиологиялық, физикалық/антропометриялық, әлеуметтік және психологиялық тұрғыдағы ерекшеліктері көрсетілді. Сондай-ақ, дәріскер спорт генетикасы саласындағы өзінің жеке тәжірибесімен бөлісіп, Назарбаев Университетінің NUSOM мектебінің биомеханикалық зертханасының болашақта спорт таланттарын анықтаудағы маңыздылығы туралы да атап өтті.

Бізбен сұхбаттасу барысында Елтай Рахманов: «Қазақстанның тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы санамыздың ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс екендігін есімізге салады. Білімді, көзі ашық болуға ұмтылу - біздің қанымызда бар қасиет. Қазір жаңалығы жылдам дәуірге аяқ бастық. Бұл жағдайда тек білімді адамдар ғана табысқа жететіні анық. Шетелдерде білім алып, тәжірибе жинақтаған еңбегіміздің нәтижелерін еліміздің медицина саласына енгізуде жаңа жаңалықтар әкелсем деп ойлаймын...», - деп өз жоспарлары мен ойы туралы сыр бөлісті.

Сөз жоқ, ғылым, білім жолына саналы өмірін, жалындаған жастық жігерін арнап, қиын да қызықты өмір жолында биік табыстарға жету үшін бірнеше шет тілді меңгеріп, әлемнің мықты елдерінде магистратура, докторантурадан өту, жинақтаған тәжірибе, ілім, білім, сапалы еңбек нәтижелерін туған елінің медицина саласының өркендеуіне енгізуде, денсаулық сақтау, ағарту, әлеуметтік қорғау салаларында Елтай Рахмановтың атқарып жүрген жұмыстары бүгінгі жас буын өкілдеріне үлгі екендігі даусыз!

Еліміздің мақтанышы, бетке ұстар ең басты университетінің осындай ғалым-оқытушыларының факультетіміздің оқытушы, магистрант және студенттеріне жоғары дәрежедегі дәрістер оқулары өз жалғастарын таба берсе деген тілек білдіреміз!

А.У.УТАУБАЕВА,
Б.ғ.к., доцент

Несмотря на определенные трудности текущего года, Западно-Казахстанский университет им.М.Утемисова успешно реализует свой Стратегический план, где главное внимание уделяется обеспечению качественной подготовки конкурентоспособных кадров.

Обучение вуз ведет в данный момент по 65-и образовательным программам бакалавриата и 33-м – магистратуры. Это восемь направлений подготовки кадров: педагогические науки, искусство и гуманитарные науки, социальные науки, журналистика и информация, бизнес, управление и право, естественные науки, математика и статистика, информационно-коммуникационные технологии, инженерные, обрабатывающие и строительные отрасли, услуги.

По итогам заседания координационного совета Независимого агентства аккредитации и рейтинга 13 ноября 2020 года 29 образовательных программ ЗКУ им. М. Утемисова успешно прошли международную специализированную аккредитацию.

Для разработки образовательных программ привлекались опытные специалисты-производственники, учителя высшей категории, ведущие учёные-практики. Факультетами были разработаны и выполняются дорожные карты подготовки научно-педагогических кадров на 2020-2025 годы.

В этом году Университетом завершен проект «Мир детей». С 2018 по 2020 годы в рамках реализации данного проекта прошли стажировку, курсы повышения квалификации - свыше 100 преподавателей вуза по обновленному содержанию среднего образования. По итогам стажировки внесены изменения и дополнения в учебные программы дисциплин (силлабусов), разработаны учебно-методические пособия, рекомендации по использованию системы критериального оценивания, педагогических приемов и методов в условиях обновленного содержания образования и др.).

Также для подготовки студентов педагогических специальностей в условиях обновленного содержания среднего образования на сегодняшний день университетом реализуется Проект «USM(University – School – Mastery)» - через системную интеграцию и модернизацию педагогической практики. Цель проекта – создание эффективной модели подготовки кадров учителей для работы по обновлённым программам обучения.

Проведено обучение участников проекта (преподаватели вуза, учителя школ, обучающиеся вуза) с привлечением специалистов Центра педагогического мастерства и НИИШ г.Уральска. В проекте приняли участие свыше 1300 студентов педагогического направления подготовки.

В целях дальнейшей реализации практикоориентированного обучения, а также апробации и реализации педагогических экспериментов планируется открытие лицейных классов и дошкольных

групп при университете.

Университет продолжает активно привлекать иностранных студентов и профессоров, организации программ мобильности обучающихся к разработке и внедрению совместных образовательных программ. Университетом подписаны договора о сотрудничестве со 100 вузами СНГ и 28 вузами стран дальнего зарубежья.

В этом году четыре научно-исследовательских проекта учёных и преподавателей ЗКУ им. М. Утемисова получили грантовое финансирование Министерства образования и науки. Планируется выделить более 100 миллионов тенге на реализацию новых научных программ, связанных с казахской филологией, биологией и педагогикой.

Профессорско-преподавательский состав кафедр активно участвует во внедрении инноваций, методик и способов обучения, в том числе в ходе проведения научных проектов, ориентированных на запросы работодателей и потребителей, а также разрабатывают методики

преподавания дисциплин. Результаты исследований апробированы на научно-методических семинарах кафедр, УМС факультетов, различных конференциях и изданы в виде методических рекомендаций, учебных и учебно-методических пособий.

В рамках усиления кадровой подготовки молодых ученых за счет средств университета и целевых мест в аспирантуре и докторантуре вузов СНГ и за рубежом обучаются 52 молодых преподавателя Западно-Казахстанского университета им.М.Утемисова».

Большое внимание ректоратом уделяется улучшению материально-технической базы. Обновлено оборудование учебных лабораторий «Робототехника», «Химия» и других. Проведены текущие ремонты учебных корпусов и двух общежитий, сдана в эксплуатацию спортивная площадка.

Студенты ЗКУ им. М. Утемисова ежегодно участвуют в республиканских и международных научных и творческих конкурсах и регулярно занимают призовые места.

В связи с пандемией коронавируса с марта 2020 года, как и все организации образования, университет продолжает обучение в дистанционном формате. Для обеспечения дистанционного обучения используется официальная система «Platonus» и система управления курсами «Moodle(moodle.wksu.kz).

Контент АИС Moodle наполнен электронными учебно-методическими комплексами и учебно-методическим материалом (лекции, практические, семинарские, лабораторные работы, задания, электронные учебники).

Каждый студент имеет личный кабинет, в котором размещены все материалы по дисциплинам, изучаемым в конкретном семестре. В данный момент началась зимняя экзаменационная сессия, которая также пройдет в дистанционном формате.

В целях обеспечения качественного преподавания преподавателям, студентам предоставлены во временное пользование ноутбуки, компьютеры.

За более чем 10 млн.тенге университетом закуплено лицензионное программное обеспечение zoom для проведения он-лайн занятий преподавателей со студентами.

В соответствии с поручениями Президента Касым-Жомарта Токаева и министра образования и науки Асхата Аймагамбетова с 1 сентября 2020 года базовый оклад профессорско-преподавательского состава повысился на 25%.

По решению данного вопроса в университете в течение последних двух лет принимался ряд мер. С 1

Завершая 2020-ың год...

сентября 2019г. оклад преподавателей увеличен на 20%, профессорско-преподавательского состава с учёными степенями – на 10 %. С 1 января 2020 года должностной оклад преподавателей увеличен на 10%, профессорско-преподавательского состава с учёными степенями - на 20%, также увеличена на 10% доплата за учёные степени. Для преподавателей, имеющих международный сертификат IELTS, установлена дополнительная надбавка в 45 000 тенге.

Помимо повышения оплаты труда ППС и сотрудникам вуза три раза в учебном году предусмотрены ежеквартальные премии. Праздничные премии коллективу выплачиваются два раза в год. Данная работа по стимулированию труда профессорско-преподавательского состава в университете будет продолжено.

Систематически ведётся работа по информационному сопровождению деятельности университета по развитию и продвижению официального сайта вуза, изданию вузовской газеты «Оркен», подготовке медиа-материалов университета по программе «Рухани жанғыру».

По итогам Национального рейтинга востребованности вузов ЗКУ им. М. Утемисова в 2020 году занял 8-е место среди 89-ти высших учебных заведений республики. Наш Университет обладает большим научно-образовательным потенциалом, достаточной материально-технической базой, и сегодня прикладывает все усилия для развития образования, культуры и экономики Приуралья.

Пресс-служба

Құқықтану саласы бойынша жарық көрген кітаптар

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы Елбасының 2017 жылы 12 сәуірде жарық көрген «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласының негізінде жасалған.

«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасы аясында іске асырылды. Нұрсұлтан Назарбаевтың сөзімен айтқанда, «біздің өлеуметтік және гуманитарлық біліміміз ұзақ жылдар бойы бір ғана ілімнің аясында шектеліп, дүниеге бір ғана көзқараспен қарауға мәжбүр болдық».

Міне, осы шектіліктен арылу үшін, тарих, саясаттану, өлеуметтану, философия, психология, мәдениеттану, құқықтану және филология саласы бойынша әлемнің ең үздік 100 оқулығын қазақ тіліне аудару ұсынылды. Бұл бағдарламаның нәтижесі кітаптар студенттердің қолына тигеннен кейін өз жемісін бере бастайды, сол кезде отандық ЖОО түлектері халықаралық еңбек нарығында бәсекеге төтеп бере алатын болады деп күтілуде.

«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасының аясында құқықтану саласы бойынша мынадай кітаптар жарық көрді:

1. Азаматтық іс жүргізу: Медиация және арбитраж.
2. Азаматтық іс жүргізу: Сот өндірісі.
- 2-кітап Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-том, 2-том, 3-том.
- 3-кітап Келісімшарт ережелері: Ағылшын құқығына түсіндірме.

Азаматтық іс жүргізу- бұл кітап сот талқылауы, медиация мен арбитраж, сот әділдігі жан-жақты әрі практикалық тұрғыда қамтылған бірегей қайнар көз. Оқулықта мемлекеттік (Англия) және шетелдік жұмыстардың (азаматтық іс жүргізудегі) дәйексөздері мен библиографиялық сілтемелері молынан қамтылған және заң факультетінің студенттеріне, азаматтық іс жүргізу саласын зерттеуші мамандар мен оқытушыларға, заңгерлерге, осы салаға қызығушылық танытатын оқырман қауымға арналған. Кітап 5 бөлім, 17 тараудан құралған. Сонымен қатар, кітапта істер кестесі, заң кестесі және іс құжаттарының кестелері қамтылған.

Қазақ тіліндегі басылымы 486 беттен тұрады. ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ - Кітаптың

авторлары: Лионель Бентли, Брэд Шерман, Дэв Ганжи, Филипп Джонсон. Еңбекте Ұлыбританияның Еуропалық Одақ құрамынан шығуы, (Brexit), Еуропалық тауар белгісі режимі, Еуропа сотындағы соңғы кейстердің, Транс-Тынық мұхиты сауда келісімі (TPP) түйткілдерінің Интеллектуалдық меншік құқығының алдағы дамуына әсері талқыланған.

КЕЛІСІМШАРТ ЕРЕЖЕЛЕРІ. АҒЫЛШЫН ҚҰҚЫҒЫНА ТҮСІНІКТЕМЕ - танымал ағылшын заңгері, құқықтанушы Нил Эндрюс бұл еңбегін ағылшын келісімшарт құқығы тақырыбына арнаған. Халықаралық мәмілелер жасасатын тараптар өзара қатынастарды реттеу құралы ретінде көп жағдайда ағылшын құқығына басымдық беретіні белгілі.

Кітапта келісімшарт жасасу ережелеріне түсіндірме беріліп, оқуға қосымша әдебиеттер ұсынылған. Кітап 24 бөлімнен, 198 баптан тұрады. Үш жаңа оқулықты құқықтану мамандығының студенттеріне таныстыру мақсатында желтоқсан айының 2-сі күні құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, з.ғ.м А.К.Есенгазиева презентация ұйымдастырды. Презентацияға құқықтану мамандығының 3-курс студенттері, құқықтық пәндер кафедрасының оқытушылары мен кітапхана қызметкерлері қатысты. Презентация барысында жаңа оқулықтардың мазмұнымен танысып, кітапхана қызметкерлері бұл кітаптардың университетіміздің кітапханасына келгенін, кітаптарды алудың тәртібі мен жодарын тағы бір мәрте түсіндірді. Сонымен қатар студенттерді қызықтырған сұрақтарға жауап беріліп, қатысушылар өз пікірлері мен алғыстарын білдірді.

10 желтоқсанда М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің Музыкалық білім мамандығының Моб-11, Моб/у-13 топ студенттерінің ұйымдастыруымен Тәуелсіздіктің 29 жылдығына арналған «Тәуелсіздік – ата-бабам аңсаған» тақырыбында мерекелік концерт ұйымдастырылды. Топ кураторы - К.Е.Бисекова. Шараның мақсаты - Тәуелсіздіктің 29 жылдық мерекесіне орай мерекелік шара ұйымдастыру арқылы 1986 жылғы желтоқсан оқиғасының маңызы жайлы, аталарымыз аңсаған тәуелсіздігіміздің мазмұнының тереңдігінен сыр шерту, студенттердің тіл байлығын, сөйлеу мәдениетін, өнерін дамыту, өз елінің тарихын білуге, Отанын сүюге, ұлтаралық достыққа, ерлікке баулу, патриоттыққа тәрбиелеу.

Тәуелсіздік – ата-бабам аңсаған

Мерекелік концертте топ студенттері М.Давлеткалиева, А.Сақы мерекеге арнап жазылған өлеңдерді мәнерлеп оқыса, топтың ақын студенттері Н.Зайыров пен З.Мулековалар авторлық өлеңдерін көрермен назарына ұсынды. Қ.Рахметуллин мен А.Ғинаятовалардың орындауындағы «Қолбасшы» күйлері және Н.Сағынтайдың орындауындағы «Желтоқсан желі», И.Мулекованың орындауындағы «Самға», Ш.Сәкенұлының орындауындағы «Алға, Қазақстан», Б.Ажгерееваның орындауындағы «Атамекен» әндері ерекше патриоттық сезіммен шырқалды. Мерекелік концертті тамашалаған факультет деканының орынбасары Р.Ж.Қуаншалиева және кафедраның аға оқытушысы Г.Е.Утегеновалар оқытушылар мен студенттерді мерекеміз құттықтап, мерекелік шараға оң бағаларын берді.

Ағысы қатты, арнасы толық көктемде өткел бермей тасып, сай-саланы толтыратын асау Жайық өзені бүгінгі күні ол айбынынан айырылған. Махамбет «Ат салмай өтер күн қайда?!» десе, бүгін кей жерлерінен адам кешіп өтетін күйге жеткен.

Жайық өзенінің су деңгейінің төмендеуі бірнеше жылдан бері күн тәртібінен түспей келеді. Бұл мәселе туралы аймақаралық келісімдер, Ресей-Қазақстан комиссияларының отырыстары өткізіледі, Жайық экожүйесін жақсарту бойынша бекітілген шаралар жоспары бар. Бірақ бұл мәселе әлі шешілмей келе жатыр.

2019 жылы Жайық өзенінің деңгейі соңғы 50 жылдағы ең төмен көрсеткішті көрсетіп, Батыс Қазақстан облысы су тапшылығынан экологиялық апат дәрежесіне таяп қалған болатын. Жайықтың орташа деңгейі 594 см шамасында болса, 2019 жылы ол 240 см-ден аспады. Экологтардың «Егер су деңгейі осылай құлдырай берсе, Жайық маусымдық өзен болып қалуы әбден мүмкін» деген тұжырымы жергілікті тұрғындарды қатты алаңдатады.

Жайық өзені – республикалық деңгейдегі экологиялық



Жайықты қорғау - біздің міндетіміз

мәселе. Күні кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жайық өзеніндегі су дейгейінің төмендеу жағдайын Үкіметпен бірлесе отырып шешуді тапсырды.

Жаратылыстану-география факультеті, биология және экология кафедрасының аға оқытушысы Қ.Б.Булатованың жетекшілігімен МБ-21, МЭ-21 топ магистранттары 25 қараша күні «Жайық-құнды табиғи нысан, оны қорғау біздің міндетіміз» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Мақсаты - оқушы-студенттер қауымы, көпшілік бұқара халықты Жайық өзені туралы тарихи деректер, ғұлама ғалымдар жазбалары, оның өсімдік-жануарлар әлемі және табиғаттағы, адам өмірі мен халық шаруашылығындағы маңызы, бүгінгі күнгі экологиялық жағдайы, сонымен қатар оны қорғау мәселелерімен жұмыстанып, мәліметтер дайындап, таныстыру. Шараға кафедра оқытушылары, МБ-21,

МЭ-21 топ магистранттары, Биология мамандығының 4-курс студенттері қатысты.

Дөңгелек үстелде А.Малышева «Жайық өзені туралы тарихи деректер», И.Қуатова «Жайық өзені туралы ғұламалардың жазбаларынан естеліктер», С.Карабалина «Жайық өзенінің географиялық орны», С.Актанова «Жайық өзенінің гидрологиялық жағдайы», Л. Байғалиева, А.Өтегенова «Жайық өзенінің фаунасы», П. Қарекенова, Л.Рахметулла «Жайық өзені орман жайылмасының өсімдіктері» тақырыбында баяндамаларын оқыды. Шара соңында баяндамалар талқыланып, қойылған сұрақтарға жауап беріліп, шешім қабылданды.

Дөңгелек үстелді жүргізуші Нұрадилова Гүлмира Жайық туралы Жұбан Молдағалиевтің, Қадыр Мырза Әлидің және жергілікті ақындардың өлеңдерін оқыды.

Соңғы жылдары қуаңшылық және шаруашылық

мақсатына алынатын су мөлшерінің артуы, сонымен қатар т.б. антропогенді факторларға байланысты Жайық өзенінің су деңгейінің төмендеу салдарынан одан қоректенетін көптеген ескі арналар мен салалар бөлініп, кеуіп қалған. Жайық өзені экожүйесінің өсімдіктер және жануарлар әлемінің түрлік құрамы, сандық мөлшері, таралу аймағы өзгеруде.

Жайығымыздың өткен ғасырдағы хал-ахуалы мен бүгінгі күнгі жағдайы жер мен көктей өзгерісте. Бұл қуантарлық жағдай емес. Тіршіліктің қайнар көзі, табиғи құнды нысанымыз Жайық өзенінің болашағы адамзаттың қолында. Қолда бар алтынның қадірі жоқ демекші, табиғаттың берген сыйын аялай білейік!

Гүлмира НҰРАДИЛОВА,
МБ-21 тобының магистранты

НОВЫЕ ПОДХОДЫ к регулированию в проекте Экологического кодекса Республики Казахстан

Подведомственная организация Министерства экологии, геологии и природных ресурсов РГП «Информационно-аналитический центр охраны окружающей среды» провел онлайн-семинары с 12 по 14 ноября 2020 года на тему «Новые подходы к регулированию в проекте Экологического кодекса».

Целью программы является повышение квалификации специалистов в области экологии по вопросам новых подходов регулирования в проекте Экологического кодекса Республики Казахстан.

В данном онлайн-семинаре от Западно-Казахстанского университета имени М. Утемисова приняли участие в качестве слушателей курса проректор по научно-исследовательской работе К.М.Ахмеденов, декан естественно-географического факультета А.А. Турғумбаев, зав. кафедрой биологии и экологии Б.С. Альжанова и доценты Р.Ж. Кожажалиева, А.С. Ергалиев.

В ходе семинара были рассмотрены сложные задачи, стоявшие при разработке проекта Экологического кодекса по реализации государственной политики в области охраны окружающей среды, которое должно стать основным условием снижения негативного воздействия антропогенных факторов на окружающую среду путем введения эффективных и современных систем планирования, менеджмента, контроля и мониторинга в деятельности предприятия.

Слушателям курса предоставлена информация о системных подходах регулирования общественных и производственных отношений в области охраны окружающей среды.

Особое внимание уделялось изучению правил хранения и утилизации отходов предприятий и предотвращению загрязнения охраны окружающей среды с учетом международного опыта по реализации принципа «загрязнитель платит», предполагающий компенсацию ущерба окружающей среде со стороны предприятия, которое должно создать реальные стимулы предприятиям снижать эмиссии загрязняющих веществ, инвестировать в природоохранные мероприятия, а также позволит использовать наказания



и штрафы как механизм государственного принуждения.

Казахстан в настоящее время предпринимает значительные шаги по переходу к более устойчивой модели развития. Основным стратегическим документом страны является «Стратегия «Казахстан-2050». В рамках Стратегии «Казахстан-2050» была поставлена новая стратегическая цель: к 2050 году войти в число 30-ти самых развитых государств мира. В частности, в Стратегии «Казахстан-2050» делается акцент на развитии экологически чистого производства. В этой связи подготовка качественных специалистов в области экологии является одним из основных задач экологического образования.

Данный курс дает возможность специалистам, работающим в сфере экологического образования получить практико-ориентированные знания и навыки для использования в своей образовательной деятельности.

По окончании курса всем слушателям выданы свидетельства о прохождении онлайн-специализации по новым подходам регулирования в проекте Экологического кодекса Республики Казахстан

А.С. ЕРГАЛИЕВ,
доцент кафедры биологии и экологии, к.б.н.

Жақында Жаратылыстану-география факультеті «Ботаника» үйірмесінің жетекшісі Ж.С.Кажымуратованың және үйірме старостасы, Б-31 тобының студенті Г.Қ.Смағұлованың ұйымдастыруымен «Үй жағдайында биологиялық белсенді заттардың бөлме өсімдіктеріне әсері» тақырыбында үйірме сабағы өтті.

Үйірме сабағы

Үйірменің 1-курс мүшелері БГ-11 тобынан Нурлан, Аяжан, Замира, Аружан, Құралай, Нұрайым, Ханшайым, Индира, Гулзина сынды студенттер бөлме өсімдіктеріне үй жағдайында жасалатын күтім және үстеме қоректендіру мен оның маңызы жайында өз мәлімдемелерін жасады.

Шара факультетіміздің бітіруші түлектері Е.Е.Наурыз және Қ.Г.Вебердың бірігуімен қалалық №5 ЖОББ мектебімен байланыс ретінде ғылыми-практикалық конференция түрінде өрбіді. Факультетіміздің студенттерімен мектеп оқушылары белсене араласып, керекті ақпараттармен бөлісті.

Осы уақытқа дейінгі «Ботаника» үйірмесінде өткізілген шараларды сараптай отырып, БГ-11 тобы Алғыс хатпен марапатталды.



ЕРІКТІЛЕР ЖЫЛЫ АЯСЫНДА УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Білім алушылар бойында адами әлеуетті ашудың, адамгершілікке тәрбиелеудің және әлеуметтік тәжірибені дамытудың ең тиімді және орынды құралдарының бірі, оқыту мен тәрбиелеудегі инновациялық тәрбиелеу тәсілі – еріктілік.

Қазіргі таңда Қазақстанда еріктілер қозғалысы дамудың жаңа кезеңіне түсті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылды елімізде «Еріктілер жылы» деп

Еріктілер жылы аясында университет студенттерінің жұмысын ұйымдастыру келесідей нормативті құжаттарға сәйкес жүргізілді:

- ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың 2019 жылғы 26 тамыздағы №135 жарлығы;
- «ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 14 мамырдағы № 204 бұйрығы;
- БҚО әкімдігі жастар саясаты мәселелері басқармасының «Жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталығы» КММ, облыс әкімдігінің бекітуімен еріктілер жылына арналған кешенді іс-шаралар жоспары;
- М.Өтемісов атындағы БҚУ жастар ісі жөніндегі комитетінің «Еріктілер» жылына арналған іс-шаралар жоспары.

Қазіргі уақытта университетімізде тіркелген 250 ерікті жалпы студент - жастардың 5%-ын құрайды. Бүгінгі таңда еріктілер қызметі танымалдылық шыңында. Университетте еріктілер қозғалысын дамытудың басты мақсаты жастар ортасын ізгілендіру мәселелерін шешуде студенттердің күш-жігерін біріктіру және

жариялады. Президентіміз өз жолдауында «Азаматтық қоғамды нығайтуда еріктілердің орны ерекше екенін атап өтіп, Еріктілер қызметіне азаматтардың, әсіресе жастардың, студенттер мен оқушылардың қатысу аясын кеңейту, олардың бойында белсенді өмірлік ұстанымдарға қатысты дағды қалыптастыру – маңызды міндет» - деп бекітті.

жан-жақты әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету және мұқтаж азаматтарға қолдау көрсету болып табылады. Университет еріктілері бастамашыл топтар мен жұмыс істеп тұрған еріктілер ұйымдарының қатарында ерікті түрде жұмыс атқаруда. Университетімізде төмендегідей ерікті ұйымдар жұмыс атқарады.

М.Өтемісов атындағы БҚУ-дың еріктілер ұйымдары:

№	Еріктілер ұйымдарының атауы	Жетекшісі	Еріктілер саны
1	Үміт	Бисенбаева Үмітжан	30
2	Шапағат	Сағатбаев Марлен	50
3	Рухты жастар	Қисимова Алиса	100
4	Жан жылуы	Мусағалиев Арсен	70

Университеттің жалпы еріктілерінің ішінде «Студенттік әлеуметтік кредит» жобасы аясында ҚР Білім және ғылым министрлігі мен Қаржы орталығының бекітілген квотасына сәйкес 91 студент ресми түрде жұмыс істеді.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 2 қыркүйектегі №391 бұйрығына сәйкес ерікті қызметпен айналысқан студенттерге берілетін көтермелеу нормасы қарастырылды.

Еріктілер төмендегідей бағыттарда жұмыстар атқарды:

1. Инклюзивті білім беру;
2. Репетиторлық;
3. Девиантты мінез-құлықты кәмелетке толмаған балалармен жұмыс;
4. Аула және спорт клубтарын ұйымдастыру;
5. Балалармен, қарт адамдармен және мүгедектермен әлеуметтік жұмыс.

Жергілікті мемлекеттік басқару органдары жоғарыда көрсетілгендей 5 бағытта 65 студентке бос жұмыс орнын берді. 65 студент ҚР Білім және ғылым министрлігі мен Қаржы орталығының тарапынан атқарылған жұмыстарына сәйкес, 20 сағат ерікті қызметпен

айналысқан студенттер 20 000 теңге, 50 сағат ерікті қызметпен айналысқан студенттер 50 000 теңге қаржылай қолдауға ие болды. Сонымен қатар университет басшылығы тарапынан атқарылған жұмыстарына сәйкес 2 және 5 академиялық кредиттің есепке алынуына мүмкіндік алды.

М.Өтемісов атындағы БҚУ еріктілерінің атқарған жұмыс орындары:

№	Атқарған жұмыс орны	Волонтерлар саны
1	Орал қаласы әкімдігі «Орал қаласының ақпараттық – талдау және жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталығы» КММ	58
2	«Аялаған Алақан» қоғамдық қайырымдылық қоры	5
3	«Облыстық көру қабілеті бұзылған балаларға арналған мектеп интернат» КММ	2

Университетімізде «Еріктілер» жылына бекітілген жоспарға сәйкес төмендегідей түрлі бағытта іс-шаралар жүзеге асырылды:

- Облыс пен университет еріктілерінің пікір алмасып, тәжірибелерімен бөлісу мақсатында «Еріктілер» жылының ашылуына орай «Ашық алаң» шарасы оздырылды. Аталмыш шараға Батыс Қазақстан облысының жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталығының, Орал қаласының ақпараттық – талдау және жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталығының, «Аялаған Алақан» қоғамдық қайырымдылық қорының, «28 петель» қайырымдылық клубының, Жас Отан ЖҚ-ның өкілдері, облысқа танымал еріктілер мен университет еріктілері қатысты. Шара барысында әрбір еріктілер ұйымы өз жұмыстарын таныстырып,

- студент-жастарды еріктілер қатарына шақырды. Сонымен қатар университет еріктілеріне жұмыс ұсынып, қолдау білдірген мекемелерге университет басшылығы тарапынан Алғыс хаттар табысталды.
- Қаламыз бен университетіміздегі аз қамтылған және әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың балаларына университет еріктілері математика, физика, информатика, қазақ тілі, ағылшын тілі, сурет салу, музыка және би пәндері бойынша тегін репетиторлық курстар өткізді. Жалпы репетиторлық бағыт бойынша 8 пәннен 15 студент жұмыс істеді.
- Өңіріміздегі аз қамтылған және ата – анасының қамқорлығынсыз қалған

отбасыларға «Аялаған алақан!» атты университетішілік акция оздырылды. Шара жыл бойына өз жалғасын тапты. Акция аясында 40-тан астам отбасына киім-кешек, тұрмыстық техника, азық-түлік, дәрі-дәрмек, санитарлық құралдар сынды материалдық көмек көрсетілді.

- Қаламыздың жалғыз басты қарияларына үй-жайын жинау, шағын жөндеу жұмыстары, керек жарақтарымен қамтамасыз ету және т.б. қызметтермен көмек көрсеткен «Қария - даналық көзі» атты акция өткізілді.
- Орал қаласы әкімдігімен бірлесе отырып, университет еріктілері «Керікті қала» сенбіліктер акциясына атсалысты. Сенбілік акциясына 200-ге жуық студент жұмылдырылды.
- Орал қаласындағы балалар үйі мен мүмкіндігі шектеулі балаларға

арналған мектеп-интернаттың оқушылары мен балаларына университеттің «Рухты жастар» және «Шапағат» еріктілер ұйымдарының ұйымдастыруымен «Көңілді көтер» мерекелік концерттік бағдарламасы өтті.

- Жазғы еңбек маусымында «Жасыл ел» жастар еңбек жасағы мен «Студенттік құрылыс жасақтарында» 300-ге жуық ерікті қала, облыс көлемінде және де басқа өңірлерде жұмыс атқарды.

Университет еріктілері қала, облыс деңгейінде оздырылған түрлі бағыттағы шаралардың өтуіне белсенді түрде атсалысты. Атап айтар болсақ, мерекелік концерттерде, халықаралық деңгейдегі конференциялардың ұйымдастырылуында, қайырымдылық іс-шараларында, карантин кезінде құқық қорғау органдарына көмек көрсетуде ерікті түрде қызметтер атқарды.



«Еріктілер жылы» аясындағы университет ерікті жастарының жетістіктері:

- Университеттің волонтерлік топтарының жетекшісі, жастар ісі жөніндегі комитеттің аға консультанты, жаратылыстану ғылымдарының магистрі Ешимова Жанбота Есенғалиқызы еріктілер қозғалысын дамытуға қосқан үлесі үшін «Халық алғысы» медалімен марапатталды.
- Еріктілер жылына орай «Birgemiz», «Saýlyq» жалпыұлттық жобалары аясында қала жастары арасында өткізілген «Winter Fest» қысқы спорт фестивалінде университет студенттері Мусағалиев Арсен (дене шынықтыру және спорт, 2-курс) I орынға, Арстан Өмірбек (дене шынықтыру және спорт, 2-курс) II орынға ие болды.
- 2020 жылдың 12-13 ақпанында Нұр-Сұлтан қаласында Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың қатысуымен еріктілер жылына арналған республикалық еріктілердің Фронт - кеңсесі жұмысының басталуына орай ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі ұйымдастырған шараға университеттің ерікті студенттері Мусағалиев Арсен (дене шынықтыру және спорт, 2-курс), Кисимова Алиса (құқықтану, 2-курс), Қазтаева Ботагөз (мәдени-тынығу жұмысы, 1-курс), Жұмабай Айжан (мәдени-тынығу жұмысы, 1-курс), Жетісова Айзада (мәдени-тынығу жұмысы, 3-курс), Арстан Өмірбек (дене шынықтыру және спорт, 2-курс) қатысты.
- ҚР Конституциясының 25 жылдығына орай пандемия кезінде уақытпен санаспай, адам денсаулығы мен қауіпсіздігі жолында аянбай еңбек еткені үшін университет студенті Мусағалиев Арсен (дене шынықтыру және спорт, 2-курс), Түмен Айбарша (Информатика, 4-курс) Батыс Қазақстан облысы әкімінің Алғыс хатымен марапатталды (қазан, 2020 жыл).
- Орал қаласының қоғамдық іс – шараларына белсене қатысып, пандемия кезінде уақытпен

санаспай, адам денсаулығы мен қауіпсіздігі жолында аянбай еңбек еткені үшін университет студенттері Мусағалиев Арсен (дене шынықтыру және спорт, 2-курс), Арстан Өмірбек (дене шынықтыру және спорт, 2-курс), Мендешұлы Жандос (Информатика, 4-курс) Орал қаласы әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. (тамыз, 2020 жыл).

- Орал қаласының қоғамдық іс-шараларына белсене қатысып, еріктілер қозғалысының дамуына үлес қосқаны үшін университет студенті Мусағалиев Арсен (дене шынықтыру және спорт, 2-курс) «Үздік волонтер» аталымымен марапатталды (қазан, 2020 жыл).
- Батыс Қазақстан облысының еріктілер қозғалысының дамуына үлес қосқаны үшін университет студенті Мусағалиев Арсен (дене шынықтыру және спорт, 2-курс) «Үздік волонтер-2020» аталымымен марапатталды (6 қараша, 2020 жыл).
- Халықаралық еріктілер күніне арналған «Әлеуметтік студенттік ваучер» жобасы аясында жастардың еріктілер қозғалысын дамытуға қосқан үлесі үшін Мусағалиев Арсен (дене шынықтыру және спорт, 2-курс), Хадеш Ажар (информатика, 3-курс), Арстан Өмірбек (дене шынықтыру және спорт, 2-курс) Алғыс хатпен марапатталды.

Университеттің студент-жастары ерікті түрде жұмыс атқару нәтижесінде жеке қасиеттерін, өзін-өзі танып жетілдіру, қоғам игілігі үшін риясыз еңбек етуге ұмтылу, өз өмірін және басқа адамдардың өмірін жақсарту жолдарын анықтап білу, жауапты көшбасшылық және әлеуметтік өзара іс-қимыл дағдыларын дамытады деп есептейміз.

Қайырымдылық, қол ұшын созу – кез келгенді құдайы қонақ деп қабылдайтын, асарлатып текемет басатын, үй тұрғызатын қазақтың қанына сіңген қасиеттер. Бұл бүгінде заманның көшіне еріп, талабына сай түрленіп, ерікті деген атауға ие болғандай.

ТРУДОУСТРОЙСТВО ВЫПУСКНИКОВ КАК ПОКАЗАТЕЛЬ КАЧЕСТВА

Проблема трудоустройства - не просто актуальная тема сегодняшнего дня, это судьба выпускников, конечный результат многолетней деятельности вузов. Трудоустройство выпускников является одной из приоритетных задач высших учебных заведений, их ориентация на конечный результат: знания выпускников должны быть применимы и практически использованы. В этой связи проблемы качества подготовки специалистов высшей квалификации и их дальнейшее трудоустройство приобретают особое значение.

Так в 2019-2020 учебном году университет закончили 1393 студента. Из них:

- по педагогическим специальностям – 955 студентов;

- по непедагогическим специальностям – 438 студентов.

Из 1393 выпускников, окончивших университет, 1050 закончили по дневной форме обучения, 343 – по заочной форме обучения.

В целях предварительного трудоустройства выпускников университета 2020 года и выявления потребности в кадрах на 2020-2021 учебный год в марте провели сбор данных о прогнозной потребности в кадрах с высшим образованием по Западно-Казахстанской, Актюбинской, Атырауской, Мангистауской областям, (были отправлены письма в Управления образования Атырауской, Актюбинской, ЗКО, Мангистауской, Кызылординской области). Полученные данные по вакантным местам были разосланы по факультетам университета.

15 мая 2020 года в Западно-Казахстанском университете им.М.Утемисова на платформе «Zoom» в он-лайн режиме состоялось ежегодное, ставшее традиционным, мероприятие-распределение выпускников специальностей направления подготовки «Образование», «Искусство» и «Услуги».

На данном мероприятии присутствовали начальники и руководители кадровых служб городских и районных отделов образования Западно-Казахстанской области, а также представители областных

и районных отделов культуры.

На мероприятии приняли участие 719 студентов направления подготовки «Образование», «Искусство» - 51 и 21 студент направления подготовки «Услуги».

В ходе работы Комиссии по распределению были обсуждены вопросы подготовки специалистов с высшим образованием на основе запросов социально-экономических отраслей Западно-Казахстанской области, потребности в молодых специалистах в 2020 году, рассмотрены вопросы их решения.

По результатам распределения были распределены 69 студентов по социальной программе «Мәңгілік ел жастары – индустрияға!» «Серпін».


По результатам распределения из 955 выпускников педагогических специальностей дневной формы обучения предварительно были распределены 769 студентов, право свободного распределения дано 186 выпускникам.

Ежегодно выпускники специальностей направления подготовки «Образование», «Искусство», «Услуги» трудоустраиваются в районные и сельские учреждения и получают подъемные пособия и бюджетные кредиты по программе «С дипломом в село».

В 2020г. по программе «С дипломом в село» 146 выпускников университета устроились на работу в районах Западно-Казахстанской области.

Центр карьеры университета в дистанционном режиме поддерживал тесную связь с работодателями и выпускниками, используя различные каналы связи (социальные связи, WhatsApp и др.). В целях трудоустройства выпускников университета 2020 года и выявления потребности в кадрах на 2020-2021 учебный год Центр карьеры постоянно организует сбор данных о прогнозной потребности в кадрах с высшим образованием по Западно-Казахстанской, Актюбинской, Атырауской, Мангистауской областям и направляет имеющиеся вакансии выпускникам.

Центр карьеры и трудоустройства
ЗКУ им.М.Утемисова



ПОДГОТОВКА НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ ЗКУ им.М.УТЕМИСОВА

С 2018г. начата Реализация программы подготовки научно-педагогических кадров за счет средств университета, целью которой является обучение преподавателей и сотрудников ЗКУ им. М.Утемисова в докторантуре и очной аспирантуре в высших учебных заведениях Казахстана и зарубежных стран для повышения потенциала научно-педагогических кадров структурных подразделений ЗКУ им.М.Утемисова.

Согласно условиям программы ЗКУ им. М.Утемисова осуществляет обучение штатных преподавателей и сотрудников на основе предоставления им организационной помощи в выполнении научных исследований. В свою очередь, обучающиеся должны выполнить за весь период обучения программу подготовки кадров по своей специальности и защитить диссертацию на соискание степени

доктора философии (PhD) или ученой степени кандидата наук с дальнейшим прохождением процедуры признания (эквивалентности) диплома в Комитете по обеспечению качества в сфере образования и науки МОН РК.. Все эти условия закрепляются двусторонним договором.

На сегодняшний день в докторантуре и очной аспирантуре за счет средств университета обучаются 52 преподавателя

и сотрудника, в том числе на 1 курсе – 8 человек, на 2 курсе – 10 человек, на 3 курсе – 17 человека, на 4 курсе – 3 человека. Подготовка осуществляется по 22 направлениям и направлениям (профилям) программ на базе 16 высших учебных заведений Казахстана и России, расположенных в городах Караганда, Актобе, Казань, Москва, Элиста, Саратов, Самара, Пермь, Тольятти, Уфа и Оренбург.



Ұстазға құрмет - баршаға міндет

Университетіміздің ректоры Серғалиев Нұрлан Хабиболлаұлы және филология факультеті, қазақ филологиясы кафедрасының оқытушылар құрамы М. Өтемісов атындағы БҚУ доценті, филология ғылымдарының кандидаты Аронов Құспан Ғұмарұлын мерейлі 60 жасымен құттықтады.

40 жылдай уақыт ұстаздық етіп, оның 25 жылын М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде қазақ филологиясы кафедрасында қызмет етіп келе жатқан Құспан Ғұмарұлының мерейлі жасына арналған кешке БҚО әкімінің орынбасары Егізбаев Серік Рахметоллаұлы арнайы қатысып, мерейтой иесіне тілегін арнап, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Көшербаев Қырымбек Елеуұлының құттықтау хатын табыстады.

Салтанатты кеште сөз алған Нұрлан Хабиболлаұлы: «Сіз Қазақстан Республикасының білім беру ісі мен қазақ тіл білімі саласына толағай үлес қосқан, өресі биік, өрісі кең ұстаз әрі талантты педагогсыз. Сіз жетекшілік етіп, ғылым жолына баулыған шәкірттеріңіздің бірқатары білім беру саласының мақтаныштарына айналып отырғанын ізгі ниетпен айта аламыз. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде аға оқытушы, доцент лауазымында қызмет етіп, қажырлы еңбек етіп келесіз. Асқақ абырой биігімен жеткен мерейлі 60 жасыңызбен шын жүректен құттықтап, деніңізге саулық, отбасыңызға бақыт тілеп, ұзақ ғұмыр сүруіңізге шынайы тілектеспіз», - деп жылы лебізін білдірді.

Кафедра оқытушылары, әріптестері мен ұстаздың шәкірттері сөз алып, ізгі тілектерін жолдады.



Жақында п.ғ.к., доцент, Қазақстан бойынша 2006 жылы алғашқы болып Өзін-өзі танудан «Студенттердің рухани адамгершілік құндылықтарын өзін-өзі тану арқылы қалыптастырудың педагогикалық ерекшеліктері» тақырыбы бойынша кандидаттық диссертациясын қорғаған ұстаз, 40-тан астам ғылыми еңбектердің авторы Ергалиева Гулжан Алғазиевна мерейлі жасқа толды.

Мерейлі ұстаз мерейлі жаста

Ұзақ жылдар бойы жас мамандарды тәрбиелеп, педагогика саласына сүбелі үлес қосқан ұстазды университеттің оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі проректоры Әсет Сембайұлы Тасмағамбетов құттықтады. Ол өз сөзінде Гүлжан Алғазықызының білікті маман, білгір басшы екендігін айта келе, мерейтой иесін мерейлі жасымен құттықтап, ақ тілегін арнады. Сонымен қатар, университет ректоры Нұрлан Серғалиевтің Құрмет грамотасы мен ұжым атынан құттықтау хатын табыс етті.

Жиын барысында «Рухани жаңғыру» институтының директоры Абат Сатыбайұлы, Бастауыш Кәсіподақ ұйымының төрағасы Мерген Сүлейменов, Филология факультетінің деканы Өскен Самұратұлы, ғылыми кітапхана директоры Тоты Еркінқызы, Жастар ісі жөніндегі комитет жетекшісі Абылай Қонысбаев, аға консультант Жанбота Ешимова Гүлжан Алғазықызына жүрекжарды лебіздерін білдіріп, құрмет-қошеметке бөледі.

Азиза СУЙНШКАЛИЕВА



Ерен еңбек иесі



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Білім және ғылым – 2020» атты республикалық байқау жарияланды.

Конкурс мақсаты ретінде Қазақстан Республикасындағы білім беру ұйымдарының педагогтары арасында тәжірибе алмасу, білім мекемелерінің арасындағы байланысты ұлғайту, нәтижеде озық білім беру ұйымдарын, үздік педагогтарды анықтау, мұғалім-оқытушылардың ғылыми әлеуетін күшейту, инновациялық идеяларын арттыру көзделді. Байқауға қатысушыларға конференцияның 18 секциялық бағыты ұсынылды. Аталған конкурсқа М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті атынан қатысқан «Рухани жаңғыру» институтының директоры, профессор Қыдыршаев Абат Сатыбайұлының педагогикалық ғылымдар секциясына ұсынған тақырыптық зерттеу мақаласы республикалық конкурстың жеңімпазы танылып, I дәрежелі дипломмен марапатталды. Бұған қоса конкурс жеңімпазы Абат Сатыбайұлы байқау комиссиясының бірауыздан ұйғаруымен «Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласына қосқан ерен еңбегі үшін» төсбелгісіне ие болды.

Ерен еңбек иесі Абат ағамызға тынымсыз ізденістен туған іргелі табыстарыңызбен бүгінгі жаңа ұрпақтың жайдақ көзқарасын парасаттандыра, жадау көңілін жасандыра түскейсіз демекпіз.

В ЗКУ им. М.Утемисова состоялось торжественное собрание, посвященное Дню Независимости РК. И.о.председателя правления - ректор университета, Нурлан Сергалиев тепло поздравил коллектив вуза с главным праздником страны. Были подведены итоги уходящего года, вручены Почетные грамоты и Благодарственные письма ректора ряду преподавателей и сотрудников за большой вклад в развитие университета. Также награждены Похвальными листами преподаватели, набравшие высокие баллы за квартальные показатели. Ценные подарки профсоюзного комитета вуза были вручены сотрудникам подразделений. Праздничное торжество завершилось традиционно концертом творческого коллектива факультета культуры и искусства.



В РАМКАХ ДНЯ НЕЗАВИСИМОСТИ



Жыл үздігі - 2020

Орал қаласында дәстүрге айналған “Жыл үздігі-2020” премиясының марапаттау рәсімі өтті.

Биылғы жылғы “Жыл үздігі-2020” премиясының басты ерекшелігі ретінде Волонтер жылына байланысты тек волонтерлік бағыттар бойынша үздіктердің анықталуын айтуға болады. Облыс көлемінде волонтерлік қозғалыстың дамуына үлес қосып, қоғамдық-саяси өмірге белсене араласқан волонтерлер арасынан 12 волонтерлік бағыт бойынша үздіктер анықталды. Олардың арасында университетіміздің студенттері де бар. Атап айтар болсақ, «Birgemiz: Saylyq» бағыты бойынша облыстық ауруханада волонтер – санитар болып жұмыс істеп, дәрігерлерге қолғабыс жасап, ауырған адамдарға көмек көрсетумен айналысқан Мәдениет және өнер факультетінің 4-курс студенті Мукашев Серік марапатталды.

«Birgemiz: Taza Alem» бағыты бойынша үздік волонтер аталымын студенттік құрылыс және жастар еңбек жасақтары құрамында жүріп, 5 ай көлемінде сенбіліктерге қатысып, гүл отырғызу, абаттандыру жұмыстарын жүргізген Физика-математика факультетінің 4-курс студенті Меңдешұлы Жандос иеленді.

«Үздік волонтерлік қозғалыс» аталымына құрамында 150-ден астам волонтері бар «Орал жастары» волонтерлік қозғалысы лайықты деп танылды. «Орал жастары» волонтерлік қозғалысы төтенше жағдай кезінде бір сәт те тыным таппай түрлі бағытта ауқымды жұмыстар атқарған болатын. Көшбасшысы – Педагогика факультетінің 3-курс студенті Арсен Мусағалиев.

Қоғам мен адамзат игілігі үшін жұмыс істейтін волонтерлер қатары арта берсін деген тілектеміз!

Газет-журнал атаулы адам жанының рухани азығы, нәр алар бастау бұлағы емес пе? Газетті бұқара халықтың көзі мен құлағы, жұртшылықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігінен молынан хабар беретін дерек жиынтығы дейміз. Салыстырмалы тұрғыда келсек, журнал газетке қарағанда оқиғаларды кең көлемде баяндап, деректерге тереңірек талдау жасайтын, өзінің ұстанған көркемдік бағытына қарай қоғамдық пікірді қалыптастыруға ықпал етер мерзімді басылым, бұқаралық ақпарат құралдарының бір түрі. Баспасөз қоғаммен бірге өмір сүріп, бірге тыныстамақ. Газетте жарияланған әр мақалада қанатты қиял мен композициялық шеберлік танылмақ. Баспасөздің ел өміріндегі алатын орны жайлы сөз болғанда Ұлт ұстазы Ахаңның - Ахмет Байтұрсынұлының «газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі» тұрғысындағы байлам-тоқтамының орны аса құнды. Бізге мәлімі, әр кезеңде газет қоғамда сүбелі рөл атқаруда. Әр кезеңде халықтың сауатын ашуға, көкжиегін кеңейтуге, елдегі оқиғалардан хабардар ету мақсатында тынымсыз тер төгуде. Тайғақты тартыспен, тағдырлы бейнетпен келген жақсылық қана шын мәнінде қымбат нәтиже боларын сол әр кезеңнің зиялы қауым өкілдері жете ұғынғанды. Біздіңше, басылым беттерінде орынды айтылған сөз орнына қағылған шеге болар ма. Тыңдалмаған сөз жетім, оқылмаған мақала жетім. Өз тұсында дуалы ауыз Елбасы кеудесін кере айтқан мәңгілік мәмілені әрбір ұлт ұрпағы саналы тұрғыда жан жүрегімен ұғатындай

жыл» атты арнау өлеңінде: «Ару қала Алматыдан арайлы, Ақпаратпен сыйлап елге «күшті өмір». Жұма күні жұмыр жерге тарайды, «Ардың ісін» арқалаған «Үш қоңыр». Журналистің көргенін біз байқар ма ек? Бағалаймыз «газет – елдің үні!» деп. Құнсыз болса, қайран Ахаң айтар ма ед, «Халық көзі, құлағы һәм тілі» деп. Мағыналы он жылдағы өмірі, «Үш қоңырым» - баға жетпес асылым! Қуанамыз шығып жаңа нөмірі, Баспанаға кірген кезде басылым. Оқырманды қуанышқа бөлейсің, Көңілдерге солмайтындай гүл егіп. Жылдан жылға таралымың көбейсін, Ұжымыңа шалқар шабыт тіледік!» - деп жырлағаны бар-ды...

Кейін Махамбет университеті қабырғасында «Махамбет» республикалық әдеби, мәдени, танымдық журналының тұсауы кесілді. Осы жылғы желтоқсан айының 4-і күні өткізілген бұл шара жөнінде «Үш қоңыр» газеті бетінде жазылды (Қыдыршаев А.С., Қабдірахимова Ж.Қ. Махамбет университетінде «Махамбет» журналының тұсауы кесілді// «Үш қоңыр» газеті, №49, 4 желтоқсан 2020 ж., 1-4-5- б.б.).

Сөз кезегі келгенде «Махамбет» журналының құрылтайшысы әрі шығарушысы «Болат-медиа» мекемесінің директоры, «Үш қоңыр» Республикалық әдебиет, мәдениет және өнер газетінің (Алматы) Бас редакторы Батыр Болат Батырұлы: «Республикалық «Үш қоңыр» әдебиет, мәдениет және өнер газеті еліміздегі аталмыш саладағы жаңалықтардың жаршысына айналғанына 10 жылға жуықтапты.

Махамбет ауданындағы Махамбет ауылында дүниеге келген. Қазақтың Спорт және туризм академиясын тәмамдап, Еуразиялық заң академиясын («Заңгер» мамандығы бойынша) бітірген. Отан алдындағы әскери борышын Германия жерінде өтеген. Еңбек жолын алғашында Алматы облысының Күрті аудандық Халық депутаттары Кеңесіндегі спорт комитетінің төрағасы болып бастап, кейін осы аудандық Кеңесінің «Жастар бірлестігі» төрағасының орынбасары, ҚР Білім және ғылым министрлігінде ұлттық спорт түрлерін дамыту бөлімінің бас маманы, 2003 жылы Республикалық «Sport kz» газетінің коммерциялық директоры, 2005 жылы «Отан Media Group» ЖШС-нің бөлім басшысы қызметтерін атқарған. 2009 жылдан бастап «Үш қоңыр» республикалық әдебиет, мәдениет және өнер газетінің бас редакторы, «Махамбет» республикалық әдеби, мәдени, танымдық журналын шығарушы «Болат Медиа» мекемесінің директоры. Болат Батыр өз тұсында «Ең үздік журналист», ҚР Ұлттық кітапханасының «Кітапхана ісінің үздігі» (2019 ж.), Қазақ жазушысы Оралхан Бөкейдің 70 жылдық мерейтойының жүлдегері, Кейкі Ниязұлы Рыспанбет батырдың 250 жылдығына орай «Ұлт тұлғаларын ұлықтауға қосқан елеулі үлесі үшін» төсбелгісінің иегері, ҚР Спорт жөніндегі ұлттық төрешісі атанған. Күні кеше ғана Болат Батырдың «Үш қоңыр» республикалық әдебиет, мәдениет және өнер газетінің бетінде ақын Жұбан Молдағалиев

Махамбет университетінің құрметті өкілі атанды

етуіміз қажет. Мәселен, осы ретте Елбасымыз: «Тәуелсіздік – тәуекелі тұратындардың еншісі», - деп шегелеген-ді. Шынында да, тәуекелі тұратындардың ғана қолы жетпесе, Тәуелсіздік киелі бола ма? Азаппен, арпалыспен келмесе, Азаттықтың құны бола ма? Оңайлықпен келсе, оның қадір - қасиеті бола ма? Қадірі жоқ нәрсе қолда ұзақ тұра ала ма? Бүгінгі ұрпақ Ел Тәуелсіздігінің қадірін жете сезіне ме? Біздіңше, бұл сауалдар бойынша бір кісідей терең ойлану өз алдына, осы жолда әр кез қамдану керектігі айқын (Қыдыршаев А.С. Тұңғыш Президент және мемлекеттік тіл// «Үш қоңыр» газеті, № 47(514), 20 қараша 2020 ж., - 2-бет). Ия, жаңиярлық қажырлы еңбекпен табысқа жету жолында қилы тар жол, тайғақ кешулер, ауыртпалықтар мен қиындықтар қай тұста да болған. Бүгінгі егемендік пен тәуелсіздіктің самалын еркін сезінген кезеңге дейін газет тек қана жазуды тарататын құрал емес, сонымен қатар замана шындығын боямасыз көрсеткен қоғамның айнасы іспетті бола алғаны анық.

Елде тұрақтылық пен сенімділік орнаған кезден бастап күллі жайттан хабар таратып, дүйім халық пен билік өкілдері арасында көпір бола алған, әдебиет, мәдениет және өнерді ұштастыра білген республикалық баспасөз жаршысы – «Үш қоңыр» газеті. Аталмыш басылым алғашқы сандарынан бастап-ақ ел өміріндегі ең өзекті де өткір рухани мәселелерді қаузады. Көптің көкейінде, халықтың ауызында жүрген тағдырлы тақырыптары – осының дәлелі. 2010 жылдың наурыз айының 19-ынан бастап жарық көріп келе жатырған «Үш қоңыр» газеті өз оқырманының сүйіспеншілігіне бөленуде. Газет беттерінде қазақ даласындағы көпшілікке үлгі бола білген парасатты жандардың, ұлағатты тұлғалардың қайталанбас ғұмыр жолдары, ерен еңбегі мен қалдырған баға жетпес асыл мол мұрасы арқылы халық жадынан өшпестей орын ала білген қоғам қайраткерлерінің, дәстүрі мен салтын сақтай білген асыл ой иелерінің бүгінгі жас өренге қалдырған өсиеті кең көлемде жариялануы газет оқырмандарының кеудесіне жылылық ұялатуда. Мәселен, М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің ректоры, б.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Қазақстан Ұлттық Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, «Махамбет» журналының ақылдастар алқасының төрағасы **Серғалиев Нұрлан Хабиболлаұлы: «Біз Махамбет бабамыз атындағы Батыс Қазақстан университеті мен «Үш қоңыр» басылымы арасындағы рухани шығармашылық тұрғыдағы тығыз байланысымызды жоғары бағалаймыз. Университетіміздегі рухани жаңғыру бағытындағы кешенді іс-шараларымызды мүдiртпестен басылым бетіне жариялауға зор мүмкіндік туғызғаныңызға алғысымыз шексіз. Мұның бәрі тәрбиелі де саналы ұрпақ қалыптастырудағы ортақ ісіміз»,** - деген-ді (Серғалиев Н.Х. «Үш қоңырды» құттықтаймыз// «Үш қоңыр» газеті, № 12(479), 20 наурыз 2020 ж., - 1-бет).

Ал М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің қауымдастырылған профессоры, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, VII Алтын домбыра иегері, Мәдениет саласының үздігі, Бөкейордасы ауданының құрметті азаматы, Қазақстанның салалық мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлерінің кәсіптік одағының «Еңбек даңқы» төсбелгісінің иегері, айтыс ақыны **Жансая Мусина «Үш қоңыр» басылымына 10**



Қазақстанның әрбір өңіріндегі әдеби процесс, мәдениет саласындағы атқарылып жатқан жұмыстарды, рухани жәдігерлерді дәріптеуге жергілікті биліктің қосып жатқан үлесі, аймақтардағы ақын-жазушыларды, жас таланттарды насихаттау – мұның бәрі басылымның үнемі басты назарда ұстайтын нысанасы десек, артық айтқандық емес. Басылымның ұстанымы Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» идеясымен үндес, сәйкес келгені де біз үшін қуанарлық жайт. Ал республикалық «Махамбет» әдеби-мәдени, танымдық журналы – еліміздің әр өңіріндегі мәдени-рухани жаңалықтардың апталығы іспетті. Өйткені қазіргі таңдағы махамбеттану мәселесін еліміздегі әдебиет, мәдениет саласының үздіктері мен рухани жаңғыру үрдістерін насихаттау – өлі күнге дейін кемшін түсіп келе жатқан жайт. Біз бұл ретте журнал ашылған уақыттан бері махамбеттанудың кешегісі мен бүгінгісін және келешегін толғантатын материалдарды үзбей жариялауды қолға алдық. Десек те, журнал басылымының өрге жүзуіне қамқорлық аса қажет. Ал өз тарапымыздан сіздердің ілім, білім саласындағы ортақ қуаныштарыңызға қуана үн қосып, алдағы уақытта да жүйелі насихаттап, ақпараттық демеушілік жасауға әрқашан да дайынбыз», - деп толғатады.

Қуанарлығы, «Үш қоңыр» газеті де, «Махамбет» журналы да – елдің мәдени-рухани дамуымен бірлестікте өзіндік өрелі бағыт-бағдары айқындалған, қалың оқырманы қалыптасқан республикалық құнды басылымдар. Аталған басылымдар уақыт тынысымен бірге тыныстап, Тәуелсіз ел талабына сай республикамыздың жылнамасын жасауға қажырлы да сүбелі түрде еселеп үлес қосарына сенімдіміз. Өз тарапымыздан, «Махамбет» журналы мен «Үш қоңыр» газетінің ұжымына, барша тілші-журналистер қауымына саушылық, шығармашылық шабыт, толағай табыс тілейміз. Қазақ елінің өркениет жолында өркендеп дамуында қаламдарыңыз мұқалмай, саналы да рухты жаңа ұрпақты қалыптастыру ісіне қалтықсыз қызмет ете бергейсіз!

Ал осыншама әупірім істе көзге онша көрінбейтін, десек те, атан түйеге жүк болар көл-көсір шаруаларды үйлестіріп жүрген **Болат Батырымыз кім?** Өмір жолына үңілсек, қысқа дерек төмендегіше: **Батыр Болат Батырұлы** 1963 жылы 22 тамызда Атырау облысының

шығармашылығын насихаттауға қатысты материалдардың үнемі берілуіне ұйытқы болғанына куәміз (Жұбан Молдағалиев. Энциклопедия /Бас редакторы А.С. Қыдыршаев. – Орал: «Полиграфсервис» ЖШС баспасы, 2020. -608 бет). Қысқасы, біздің Бөкең – Болат Батырұлы – нар мінезді тәуекелі басым, ұлт мүддесін өз мүддесінен биік қоя білетін еңбекқор адал жан.

Махамбет университетінің қабырғасында өткен «Махамбет» журналының тұсаукесері – таныстырылымы кезінде университеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен **Батыр Болат Батырұлына «Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің құрметті өкілі» («Honorary Representative of Makhambet Utemissov West Kazakhstan» - «Почетный представитель Западно-Казахстанского университета имени Махамбета Утемисова»)** академиялық атағы берілді. Арнайы ережеге сәйкесті «М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің құрметті өкілі» академиялық атағын жеке тұлғаларға, яғни, Қазақстан Республикасының азаматтарына да, шет елдік азаматтарға да беру шарты белгіленген-ді. Онда бұндай тұлғалардың белгілі бір сала бойынша терең кәсіби білімінің болуы, ғылыми, ғылыми-педагогикалық немесе әкімшілік-басқару қызметінде қол жеткізген жетістіктері болуы баса айтылған. Сондай-ақ атақ иегерлерінің қоғам алдында университет өкілі ретінде сөйлей алуы, білім-ілім ордамызды алыс және жақын шет елдерге таныта алар тұлғалар болуы айқындалған. Академиялық атақ иегерлері қай тұста да университет имиджін еселей арттыруға септеспек, әлемдік ғылыми білім беру кеңістігінде университет рейтингін көтеруге қолдау көрсетпек. Ал еліміздегі халық қолдауына ие болған «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында республикалық «Үш қоңыр», «Махамбет» басылымдарын шығарып, ұлттық құндылықтарымыздың аяқ асты болмауы жолында мол тер төгіп, ел ертеңі болар жаңа ұрпақ баулу саласындағы тынымсыз ізденістен туған іргелі табыстарымен бүгінгі жаңа ұрпақтың жайдақ көзқарасын парасаттандыра, жадау көңілін жасандыра түскен Болат Батырұлы еліміздің қай білім ордасының да лайықты өкілі боларына сеніміміз шексіз.

Абат ҚЫДЫРШАЕВ,
«Үш қоңыр» газетінің меншікті тілшісі



Біз – Жеңіс мұрагеріміз

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті Ұлы Жеңістің 75 жылдығына орай «Біз – Жеңіс мұрагеріміз» атты ауқымды акцияны қолға алған болатын. Биыл ақпан айында басталған іс-шара жыл соңына дейін жалғасады деп жоспарланған. Акцияға педагогика факультетінің оқытушылары мен студенттері де белсенді қатысты.

ФЕСТИВАЛЬ ЗНАКОМСТВА С ОСНОВАМИ НАУЧНОЙ РАБОТЫ

Кафедрой правовых дисциплин организован фестиваль первокурсников, где студенты презентовали свои доклады по первым изучаемым ими специальным дисциплинам юриспруденции, таким как - Теория государства и права / История государства и права.

Фестиваль был проведен с целью знакомства учащихся первых курсов с основами научной работы, которая заключается в освоении навыков подбора актуального материала, его теоретического описания и умения презентовать информацию - кратко, понятно и интересно для слушателей.

Ерікті болу - ерлік

Жуырда педагогика факультетінде Жастар ісі жөніндегі комитеттің аға консультанты, БҚУ волонтерлар ұйымының жетекшісі Ешимова Жанбота Есенғалиевна мен «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 3-курс студенті, «Орал жастары» волонтерлық қозғалысының көшбасшысы Мусағалиев Арсен Талғатовичпен «Ерікті болу - ерлік» атты онлайн кездесу өткен болатын.

Кездесу барысында Ж.Е.Ешимова студенттерге облыс, университет еріктілер ұйымы туралы ақпарат беріп, еріктіліктің маңызы мен мақсаттарын түсіндірді. А.Т.Мусағалиев ерікті жұмысына қалай келгені жайлы сөз етті.

Студенттер еріктілер жылына байланысты өздерінің көкейіндегі сұрақтарын қойып, жауап ала алды. Кездесу соңында қонақтарымыз студенттерді еріктілер қатарына қосылып, бірге жұмыстануға шақырды.

БҚУ - жеңімпаз!

ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) БҚО бойынша департаментінің ұйымдастыруымен қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру мен парасаттылық құндылықтарын ілгерілету мақсатында ұйымдастырылған "Парасатты қоғам" бейнероликтер байқауының жеңімпазы атанған М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті ұжымын шын жүректен құттықтаймыз!



Жыр жауһары

Мәдениет және өнер факультетінің ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай Ғарифолла Құрманғалиев атындағы облыстық филармонияның әншісі, жыршы-термеші Фархат Оразовпен «Жыр жауһары» атты Махамбет бабамыздың жыр-толғауларын насихаттау мақсатында әдеби-сазды кеш оздырылды.

Кеш қонағы тағылымға толы ұлы бабалардың жыр-толғауларынан үзінді орындап қана қоймай, студенттерді патриот болуға шақырып, ақын-жыраулардың өмірі мен батырлығы туралы әңгімелерімен бөлісті.



Новая победа

В Поволжском государственном университете сервиса (г. Тольятти, Российская Федерация) состоялся XII международный конкурс инновационных бизнес-проектов «BUSINESS HOLIDAY». Студенты кафедры экономики и менеджмента Жумартова Алина (группа ГМУ-42), Ерешова Айнура (Марк/у-34), Кабекен Жұпархан (Т-21), Тимурқызы Айнура (Т-21), Маркова Малика (Э-31) приняли участие в конкурсе в онлайн-режиме с проектом «Разработка онлайн-приложения «Tour guide»» и одержали победу в номинации «Сетевой университет».



Жақында Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру кафедрасының аға оқытушысы, магистр Маденова Лаззат Мутиголлиевнаның ұйымдастыруымен М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің 2-курс студенттері «Жаһандану дәуіріндегі ғылым мен білім» атты тағылымды кештің куәсі болды. Кеш қонағы - Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің әлеуметтік - гуманитарлық пәндер кафедрасының меңгерушісі, философия ғылымдарының докторы Бекежан Өмірбек Қадырханұлы.

Жаһандану дәуіріндегі ғылым мен білім

Бұл кездесу жоғары оқу орындары арасындағы байланысты нығайтуға, болашақ мамандарымызды жаһан жұртына ұлттық болмысымызды сақтап, терең білімді ұрпақ екенін танытудағы ғылым мен білімнің басты құндылығын дәлелдеді.

4 желтоқсан күні Абай Құнанбаевтың 175 жылдық мерейтойына арналған «Абай әлемі» жалпыұлттық онлайн-студенттік өнер фестивалінің қорытынды кезеңі Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде онлайн режимде өткізілген болатын. Фестивальдің қорытынды кезеңінде әділқазы алқасы боп ҚР-ның өнер тарландары, ҚР-на еңбегі сіңген қайраткерлері болды. Қорытынды кезең барысында «Абай әлемі» жалпыұлттық студенттік өнер фестивалінің «Абай өлеңдері», «Абайдың қара сөздері», «Абай өңдері», «Абай-әлем тілдерінде», «Абай әлемі» сурет өнерінде» байқаулары өткізіліп, жеңімпаздар анықталды.

ҚУАНЫШТЫ ЖАНАЛЫҚ

Республикалық байқаудың нәтижесі бойынша М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің бес студенттен үшеуі де II дәрежелі жүлделі орындармен және ақшалай сыйлықтарымен марапатталды. Олар:

1. «Абай өлеңдері» байқауы бойынша II дәрежелі жүлделі орынмен Филология факультеті, қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы, ҚТОМҚТӨ-15 тобының студенті Корчемкина Анна Алексеевна (Жетекшісі: Сагидулліева Сандугаш Саматовна - М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті Қазақ филологиясы кафедрасының оқытушысы, магистр);

2. «Абайдың өңдері» байқауы бойынша II дәрежелі жүлделі орынмен вокалдық өнер мамандығы ВІ-11 тобының студенті Кенесова Үмітжан Тенісбайқызы (Жетекшісі: Куаншалиева Раушан Жардемевна -М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті Музыкалық білім және вокал кафедрасының оқытушысы, музыкалық білім магистрі);

3.«Абай – әлем тілдерінде» байқауы бойынша II дәрежелі жүлделі орынмен Филология факультеті, шет тілі: екі шет тілі мамандығы, Ія-11 топ студенті Досполаева Жұлдыз Жумабайқызы (Жетекшісі: Насимуллина Айгул Бисембаевна - М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті Шетел тілдері кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі) марапатталды.

Жеңімпаздарды құттықтаймыз!

Төрежелгі!

3-6 желтоқсан күндері Алматы облысы Талғар қаласында қол күресінен ерлер және әйелдер арасында Қазақстан Республикасы Федерациясы Кубогі өткен болатын. Жарысқа 9 команда қатысып, 300 спортшы сайысқа түсті. Сайыс қорытындысы бойынша жүлделі II орынды жеңіп алған Педагогика факультеті ФКС-21 тобының студенті Байниязова Меруертті шын жүректен құттықтаймыз!



"IV Pedagogical CUP" онлайн пікірсайыс турнирі

Желтоқсан айының 5-7 жұлдызы аралығында Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті күніне орай «Жалынды жастар - жарқын болашақ» атты университетішілік «IV Pedagogical CUP» онлайн пікірсайыс турнирі ұйымдастырылды.

Турнирге 12 фракция, 24 спикер қатысты.

Турнир нәтижесі бойынша жүлделі III орынға Кәмшат Галимова мен Айару Сагидуллинаның «StartUp» фракциясы лайық деп танылса, жүлделі II орынды Ермахан Амангелді, Диана Гиниятованың «Сағыныш» фракциясы иемденді. Жүлделі I орынды «Аңса, сосын арманда» фракциясының спикерлері Арман Нұрлан мен Аңсағаным Хамидуллина жеңіп алып, турнир жеңімпазы атанды. Үздік спикер аталымымен Нұрлан Арман марапатталса, турнир барысында үздік сараптама жасаған Әлия Қабдиева “Үздік төреші” аталымына лайық деп танылды.

Барлық жеңімпаздар мен жүлдегерлерді айтулы жетістіктерімен құттықтай отырып, турнир төрешілері мен ұйымдастырушыларына, жастарға демеушілік көрсеткен Орал қалалық жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталығының басшысы



Дулат Нұрбергенұлына студент жастар атынан алғыс білдіреміз!

Педагогика факультетінің студенттері арасында «ЭРУДИТ» зияткерлік сайысы өткен болатын. Бұл сайысқа ПИМНО - 11 тобынан 3 студент, ПИМНО/ у-13, ДОВ/ у-13 тобынан 2 студенттен қатысты.

«ЭРУДИТ» зияткерлік сайысы

Студенттердің білімін шыңдау мақсатында ұйымдастырылған сайыс VI кезеңнен тұрды. I кезең – “Бәйге”, II кезең – “IQ”, III кезең–“Дода”, IV кезең – “Не? Қайда? Қашан?”, V кезең – “Жорға”, VI кезең – “Бинго”. Кезеңдерде логикалық сұрақтар, ғалымдарға байланысты, мектеп деңгейіндегі, университет тарихына байланысты сұрақтар қойылды.


«Эрудит» зияткерлік сайысының әділ түрде шешілген

қорытындысы бойынша 1 - орынды иемденген ПИМНО/ у-13 студенті Нұрлан Арман, 2 - орында ПИМНО-11 студенті Айтмағанбетов Ерасыл, 3 - орында ПИМНО-11 студенті Ғалым Гүлсая мен ПИМНО/ У-13 студенті Омарова Аружан.

Бұл сайыс ZOOM платформасымен өтсе де, студенттер белсенді қатысып, білімдерін шыңдай түсті.

Ұрпақ мақтанышы

Жақында Тарих,экономика және құқық факультетінде ҚР Президенті атындағы атаулы шәкіртақы иегерлері М.Амирбекова, А.Сағынова, Г.Тынышбаева, З.Максимовтің ұйымдастыруымен Елбасы күніне орай «Елін сүйген, елі сүйген Елбасы» атты онлайн форматта зияткерлік сайыс оздырылды.



Атаулы сайыста Елбасымыздың өмір жолынан қызықты да құнды деректер бойынша сұрақтар қойылып, қатысушылар сынақтан өтті. Шараға 1-курс студенттері қатысып, белсендік танытты.

Үш кезеңнің нәтижесі бойынша:


I орынды Сайлаубайқызы Балнұр (Юр-11 тобының студенті);

II орынды Кенжеғали Айтолқын (Т- 11 тобының студенті);

III орынды Бұлдыбай Бақытгүл (УА-11 тобының студенті) иеленді.

Өнерлі өрге жүзеді

Ұлттық өнер, дәстүрлі ән-күй, жыр-терме деген



сөздер айтылғанда, көз алдымызға бірден Құрманғазы мен Дәулеткерей, Мұхит пен Ғарекен, Ақан сері мен Біржан сал бастаған даланың дарынды бұлбұлдары тізіліп тұра қалады. Ұлтқа қызмет етудің үлгісін көрсетіп кеткен, өмірлерін өнерге арнаған тұлғалар.

Байқау жеңімпаздары

БҚО Тілдерді дамыту басқармасының ұйымдастыруымен өткен «Мен сыбайлас жемқорлыққа қарсымын» атты байқаудың 2 аталымы бойынша студенттер белсенділік танытты.

1. «Мен сыбайлас жемқорлыққа қарсымын» атты тақырыпта эссе бойынша ҚТӨ-23 тобының студенті Жылтықаева Құралай Жеңісқызын;

2. «Мен сыбайлас жемқорлыққа қарсымын» атты тақырыпта сурет бойынша ПИМНО/у-13тобының студенті Жумағалиева Ақбаян Ақанқызын жеңістерімен құттықтаймыз!

Олардан арғыны қозғамай, бері зымыраған уақытпен жылжығанда да талай-талай қазақтың өнерін жалғастырған, намысын ту ғып ұстаған зиялы қауым толқыны бірінен кейін бірі қалыптасып келеді. «Өткен күннен алыс жоқ, келер күннен жақын жоқ», - деген Құнанбай қажы сөзін ескерсек, келелі келешек, ел болашағы болар бала бүгін біздің алдымызда отыр...

Бұл мақала биыл Мәдениет және өнер факультеті дәстүрлі музыкалық және орындаушылық өнер кафедрасының «халық әні» бөліміне түскен 1-курс студенті Болғанбаев Кенесарыға арналады. Кенесары қазан айында өткен қалалық «Текті сөздің төресі – терме» атты байқаудан жүлделі I орынды жеңіп алды. Ол Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы Жаңақала ауылында дүниеге келген. Жанұясында атасы мен әжесінің тәрбиесінде болған. Әрине, ата мен әженің тәрбиесі ізгіліктің жарығындай бала жүрегін нұрландырып тұрады. «Ата өнері - балаға мұра» демекші, осы музыкаға деген, соның ішінде дәстүрлі өнге деген қызығушылығына атасының тәрбиесі қатты әсер еткенін Кенесары мақтанышпен айтады.

Өнерге деген құлшынысын бірден көрсеткен Кенесары аз уақытта өзінің жауапкершілігі мен ізденімпаздығын, еңбекқорлығы мен өнерге деген адалдығын байқатты. Алдағы уақытта үлкен биіктерді бағындырады деген үмітіміз зор.

Осындай дара студенттеріміз барда ауыздан-ауызға жеткен дәстүрлі ән өнерін кейінгі ұрпаққа аманатпен жеткізетін ұлағатты ұстаздар тәрбиеленеді деген де сеніміміз зор.

А.А. МУХАМБЕТЖАНОВА,

Дәстүрлі өнер кафедрасының оқытушы-магистрі, әнші-ұстаз

Қаржылық лабиринт

19 қараша күні Тарих, экономика және құқық факультеті Есеп және қаржы кафедрасының аға оқытушысы Ш.М.Алтыбаеваның ұйымдастыруымен Есеп және қаржы, Экономика және менеджмент кафедрасының 1-3-курс студенттерінің арасында қаржыгерлер күніне орай «Қаржылық лабиринт» іскерлік ойыны өткізілді.

Шараға Жастар ісі жөніндегі комитеттің аға консультанты Ж.Е.Ешимова, факультет деканының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Н.Майманова мен Есеп және қаржы кафедрасының оқытушылары қатысты.

Іскерлік ойында 8 студент 7 раунд бойынша бақтарын сынады. Нәтижесінде Ерболова Аяжан I орынға, Нурханова Саяжан II орынға, Амирбекова Мөлдір III орынға және Джарикбаева Адема IV орынға жайғасты.

Шара соңында Ж.Е.Ешимова қорытынды сөз сөйлеп, жеңімпаздарды құттықтады. «Қаржылық лабиринт» іскерлік ойынына қатысқан студенттер қаржылық сауаттарын арттырғанын айтып, ұйымдастырушы, аға оқытушы Ш.М.Алтыбаеваға алғыс білдірді.

19 қараша күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде қашықтан студенттер күніне орай ПИМНО-11, ПИМНО/у-13, ДОВ/у-13 топ студенттерімен «СтудLife» квест-ойыны өткізілді. Квест-ойынына 24 студент қатысты. ДОВ/у-13 тобынан «Ұлағат» және «Алғырлар» командалары, ПИМНО/у-13 тобынан «ЖАCSTAR» және «SunShine» командалары, ПИМНО-11 тобынан «Эверест» және «Болашақ» командалары қатысты.

Квест ойыны 6 кезеңнен, бір кезең 3 тапсырмадан тұрды. Бірінші тапсырма Тәуелсіздік, Жайықтың Жұбаны, еркін тақырып, БҚУ тарихы, Өл-Фараби, Елбасы тақырыптарына байланысты сұрақтар, екінші тапсырма «Абай әлемі» бойынша өлеңдерін оқу, үшінші кезең «Қимылда да, қимылда» бойынша көрсетілген қимылдарды орындау керек болатын. Қатысушылар шараға белсене қатысып, ойын жоғары деңгейде өтті.

26 қараша күні Филология факультеті студенттері арасында ұйымдастырылған «Менің тұңғыш Президентім!» тақырыбындағы эссе байқауының қорытындысы өткен болатын. Байқаудың іріктеу кезеңі 2-25 қараша аралығында жүргізілді.

ЭССЕ БАЙҚАУЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

Байқаудың мақсаты - «1 желтоқсан - Тұңғыш Президент күні» мерекесінің мәнін ашу. Елбасындай Отанын, халқын сүюге, нағыз азамат, шынайы патриот болуға тәрбиелеу. Студенттердің бойында Елбасына деген сүйіспеншілік, құрмет сезімін қалыптастыру.

Міндеті:

• Қазақ халқының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өмір жолы, туып өскен, оқып білім алған, қызмет еткен жерлері туралы мағлұмат беру;

• Елбасының өмір жолынан үлгі ала отырып Отанын, халқын сүюге, ержүректілікке, азаматтыққа, патриоттық сезімге тәрбиелеу.

Байқауға М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің Филология факультетінен жалпы саны 23 студент қатысқан болатын. Оза шапқан студенттер 1,2,3 дәрежелі дипломдармен марапатталды. 1-орын - ия-25 тобы студенті Бердіқожа Мөлдір, 2-орын - фил-11 тобы Көшекбай Эльмира және 3-орын - фил-11 тобы студенті Төлегенова Данараға табысталды.

Жеңімпаздарды құттықтаймыз!



Махамбет батыр рухына бас иеміз!

Желтоқсан айының 4-жұлдызында онлайн форматта тарих,экономика және құқық факультетінің құқықтану мамандығы бойынша топ кураторы Өтеуова Ақжамал Қадіржанқызының ұйымдастыруымен Юр-11 және Юр-13 тобына рухы биік тұлға Махамбет Өтемісұлына арналып кураторлық сағат өткізілді. Кеш қонағы ретінде ҚР тарихы кафедрасының оқытушысы, гуманитарлық ғылымдар магистрі Есеналин Ақылбек Ғабиденұлы шақырылды.

Махамбет Өтемісұлы-азаттық үшін алысқан,елі үшін егескен жалынды ақын,намысшыл ержүрек ақын.

Дәріс барысында қазақ тарихында ғасырдан-ғасырға жалғаса беретін, уақыт өткен сайын қын түбінде жатпас алмас қылыштай жарқырай беретін тұғырлы тұлға Махамбет жайлы көптеген ақпараттар алынып,мағұлмат берілді.Кеш барысында Юр-11,13 тобының студенттері Дордий Кристина «Қызғыш құс»,Мағзом Қанат «Мен,мен едім» атты Махамбет ақынның шығармашылық туындыларын жырласа, Дүйсембаев Руслан «Көроғлы» күйін шырқады. Студентер кеш қонағына көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойып,нақты жауаптарын алды. Дәріс өте жоғары деңгейде ұйымдастырылды.



МАХАМЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ – 1804 ЖЫЛЫ ІШКІ БӨКЕЙ ОРДАСЫ, ҚАЗІРГІ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ЖӨНБЕК АУД. НАРЫН ҚУМЫНЫҢ ЖАНҚУС ЖЕРІНДЕ ТУҒАН. – 20.10.1846. ҚАРАОЙ ӨНІРІ, ҚАЗІРГІ АТЫРАУ ОБЛЫСЫ МАХАМЕТ АУДАНЫНДА ЖЕРЛЕГЕН. – ҚАЗАҚТЫҢ ҚОРЫҚТҰ АҚЫНЫ, СОНЫМЕН БІРГЕ 1836-38 Ж. ИСАТАЙ ТАЙМАНОВ БАСТАҒАН ШАРУАЛАР КЕТЕРІЛСІНІҢ ЖАЛҒЫМ ЖЫРШЫСЫ РЕТІНДЕ ДІ МОЛІМ, ҚОЗҒАЛЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ ТАРИХИ ҚАЙРАТКЕР ТУЛҒАЛАРДЫҒЫ. КІШ ЖҮЗДІҢ БАЙҰЛЫ БІРЛЕСТІГІ ІШІНДЕГІ БЕРІШ РҰМЫНҒЫ ЖАЙЫҚ БӨЛІМІНЕН ШЫҚҚАН. АТАСЫ ҚҰЛМӨЛІ, АҚЕСІ ӨТЕМІС ТЕ ӨЗ ЗАМАНЫНДА АЙТҰЛЫ ТУЛҒАЛАР БОЛҒАН. ҚҰЛМӨЛІНІҢ ТҰҚЫМЫНАН БІЛЕР ДЕ, ШЕШЕНДЕР ДЕ ШЫҚҚАН.

Тәуелсіздік – тұғырым

10-желтоқсанда ИЯ-35 топ студенттері және топ кураторы Г.А.Турежанова ҚР Тәуелсіздігінің 29 жылдығына орай «Тәуелсіздік- тұғырым» атты ашық тәрбие сағатын өткізді.

Тәуелсіздік - еліміздің барлық азаматтары үшін орны ерекше мереке. Іс-шара барысында топ студенттері тәуелсіздігімізге арнап жүрекжарды өлең жолдарын оқып, осы күнге жеткізіп, тәуелсіздікті аңсаған ата-бабаларымыздың рухына құрмет көрсетіліп, 1 минут үнсіздік жарияланды. Желтоқсан оқиғасына арнайы әзірленген бейнероликтер топ студенттерінің патриоттық сезімін одан әрі арттырып, тәуелсіздіктің қадірін жете түсінуге көп көмегін тигізді.



Тәуелсіздік – ата-бабам аңсаған,
Жете алмай құрбан болды қаппа адам.
Махамбеттер кеісегі өткен Қайраттар,
Әр кезеңде сен деп ерлік жасаған

Елбасы — ерен тұлға

30 қараша күні ИЯ-35 тобының студенттері мен топ кураторы Г.А.Турежанова «Елін сүйген, елі сүйген Елбасы» атты 1 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне арналған кураторлық сағатын өткізді.

Тәрбие сағатында Елбасымыздың ерен еңбегі мен мемлекеттіміздің жарқын болашағы үшін жасаған Қазақстан халқымен алға қойылған мақсат пен міндеттерді іске асыра алатын саясатшы екендігі студенттер арасында талқыланды. Іс-шара соңында Елбасы туралы өлең жолдары оқылып, күй тартылды.

Ел жастары Елбасымен бірге

Жуырда Тарих, экономика және құқық факультетінде «Еңсесі биік еліміздің жастары Елбасымен бірге» атты семинар өткізілді. 1 желтоқсан Тұңғыш Президент күніне арналған шараға университетіміздің профессор-оқытушылары, магистранттары мен студенттері қатысты.

Онлайн жиынды ҚР тарихы кафердасының доценті Ж.К. Мухангалиева мен оқытушы А.Есеналин өткізді. Алғашқы сөз кезегін алған ҚР тарихы кафедрасының меңгерушісі, доцент А.Байболсынова Елбасының Қазақстан тарихында алатын орнына тоқтала келе, семинарға қатысушыларға сәттілік тіледі. Іс-шара әрі қарай тарих мамандығының магистранттары дайындаған баяндамалармен жалғасты. Магистрант Н.Зайнуллина Елбасының жастарға қатысты саясатына тоқталса, Н.Кенжеғалиев Н.Әбішұлының жасампаз идеялары мен тың бастамалары тақырыбында мазмұнды баяндама жасады. Магистрант А.Акмуканова Ұлт Көшбасшысының жолдауларында айтылған негізгі мәселелер мен олардың орындалуы турасында сөз сөйлеп, Елбасы жолдауларының тарихи маңызын атап көрсетті. Елбасы туралы сөз болғанда қоса айтылатын Елордамыз туралы Д.Ысқақованың баяндамасын қатысушылар ерекше ықыласпен тыңдады. Әсіресе, қатысушылардың қызығушылығын туғызған А.Сүлейменнің «Абай аманаты мақаласындағы өзекті ойлар», Г.Мукангалиеваның «Елбасы еңбектері - Тәуелсіз Қазақстан тарихының дереккөздері» тақырыбында жасаған баяндамалары болды.

Баяндамалар қатысушылар ой-пікіріне ұласып, Елбасының мемлекет құрудағы еңбегі кеңінен талқыланды. Шара соңында Жастар ісі жөніндегі комитеттің аға консультанты Ж.Ешимова сөз сөйлеп, семинар жұмысын қорытындылады.

1 желтоқсан - Тұңғыш Президент мерекесі күніне орай филология факультеті шетел тілі: екі шетел тілі мамандығы 3-курс ИЯ-31,ИЯ-32, ИЯ-33,ИЯ-35,ИЯ-37 топтарының ұйымдастыруымен «Елін сүйген, елі сүйген Елбасы» атты тақырыпта кураторлық сағаттар өтті (кураторлар - С.Б.Бекмухамбетова, Г.А.Турежанова, А.Г.Утарова, А.С. Сисекешева, Д.Е.Таирова).

ЕЛДІГІМНІҢ БАСТАУЫ

Студенттер «Елбасы жолы» атты тақырыпта бейнефильмді тамашалады. Бұл мерекелік шараларда жас ұрпаққа Елбасының құдіретті тұлға екенін танытып, мемлекетімізді мығымдап берген, халқымызды әлемге танытып, алаш баласының абыройын ақсақтатқан Елбасының кісілік келбетін меңгертіп, студенттерге оның сан қырлы талант иесі екенін таныту, жастарды Отанын сүюге, елжандылыққа, елі сүйген Елбасынан үлгі алуға тәрбиелеу мақсаты көзделді. Әр топта өткен шарада өлеңдер оқылып, Елбасының сүйікті әндері айтылды. ИЯ-32 тобының студенттері Елбасының сүйікті өлеңдерінің бірі «Весна на Заречной улице» атты кинофильміндегі «Когда весна придет, не знаю...» атты өлеңін айтып, ал ИЯ-35 топ студенті Кашкинбаев Асылхан домбырада күй орындады. Осы топтың студенті Тлесов Алишер Тұңғыш Президентімізге арнаған өзінің өлең шумақтарын тарту етті. Викториналық ойын «Кім? Не? Қашан? Қайда?» ұйымдастырылып, студенттер сұрақтарға жауап беруде белсенділік танытты. Әр шараның соңы студент Бижанов Бекзаттың ұйымдастыруымен Тұңғыш Президентіміздің сөзіне жазылған «Үш қоңыр» әнін орындаумен аяқталды.

Жаратылыстану-география факультетінің ХБ-11, ХБ-13, ХБ-13-1 топтары мен топ кураторы Абдырахман Әсемгүл Қайратқызының ұйымдастыруымен 20 қараша күні 1 желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай «Тұғырлы мемлекеттегі нұрлы күн» атты ашық кураторлық сағат өткізілді.

Тұғырлы мемлекеттегі нұрлы күн

Шараның мақсаты - жас ұрпаққа Елбасының сан қырлы талант иесі, құдіретті тұлға екенін таныту, елімізге еңсе тіктетіп, мемлекетімізді мығымдап берген, халқымызды әлемге танытып, алаш баласының абыройын ақсақтатып Елбасының кісілік келбетін меңгеру, елін сүйген, елі сүйген Елбасынан үлгі алуға тәрбиелеу.

Шара барысында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың өмір жолы, атқарған жұмыстары таныстырылды. Бейнероликтер қосылып, топ студенттері ән шырқап, мәнерлеп өлең жолдарын оқыды.

Ойларымызды еркін айтып , өзгенің пікірін тыңдай білу дағдыларының қалыптасуына мүмкіндік алдық. Шәкірт жүрегінде Елбасына деген сүйіспеншілік сезімін оятып, Отанын, халқын сүюге, ержүректілікке, азаматтыққа, патриоттық сезімге тәрбиелендік.

Елбасының ерекше қасиет-қадірін, тұлғалық тұғырын түсініп, Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өмір жолдары туралы түсініктермен танысып, ерен еңбегімен, шығармаларымен таныстыру Қазақстанның өркендеуіне үлес қосатын, туған тілін,туған жерін сүйетін, тарихымызды бағалай білетін,ұлттық салт-дәстүрімізді қастерлейтін, алғыр да білімді ұрпақ тәрбиелеуге септігін тигізді.

Шара соңында қатысушы қонағымыз Жастар ісі жөніндегі комитеттің аға консультанты Жанбота Есенгалиевна сөз алып, ұйымдастырушыларға өз тілектерін, алғыстарын білдірді. Кураторымыз Әсемгүл Қайратқызы шараның жоғары дәрежеде өткендігін жеткізді.

Арнайы кездесу

ұйымдастырылды

Қараша айының 23-жұлдызында Тарих, экономика және құқық факультеті Құқықтану кафедрасының оқытушысы Отеуова Ақжамал Қадыржанқызының ұйымдастыруымен «Құқықтану» мамандығының 4-курс студенттерімен «Адвокатура» пәнінен арнайы кездесу ұйымдастырылды.

Кездесу қонағы - «Дом Права» Адвокаттық кеңсесінің адвокаты Бауыржан Закиұлы Ахметжан. Адвокат қонағымыз 4-курс студенттерімізге адвокатураның жұмысы, міндеттері мен құзыреттілігі,адвокаттың қылмыс істер бойынша заң көмегін көрсетуі, сезіктінің қорғану құқығы, сезіктінің пікірін бағалау туралы түрлі студенттеріміз үшін өте қызықты тақырыптарда әңгімелеген болатын. Студенттеріміз өздерінің ойларындағы сұрақтарын қойып, өз көңілдерінен шығатын жауап алып, студенттер арасында өте жарасымды қарым-қатынас орнап, кездесу өте жоғарғы деңгейде өтті.

МЕНИҢ ТАҢДАУЫМ – МЕНИҢ БОЛАШАҒЫМ

Жуырда педагогика факультетінің ДОВ/у-13 студенттерінің ұйымдастыруымен «Менің таңдауым – менің болашағым» атты тәрбие сағаты өткізілді.

Шараға ПиМНО-11, ПиМНО/у-13 топ студенттері қатыстырылды. Осы топ студенттерінің кураторы Ж.Т.Тапаева тәрбие сағатының маңыздылығын айтып, студенттерді 2021 жылы 10 қаңтарда өтетін сайлаудың өту тәртібі мен дауыс беру жүйесі туралы ақпараттандырды. Сонымен қатар,шара барысында Дов/у-13 топ студенттері Исаева Данагүл мен Жанболатова Айымгүл баяндама оқып, алдағы сайлау бойынша бейнеролик көрсетіліп, кері байланыс орнатылды. Тәрбие сағатында жас ерекшелігіне байланысты, мекен – жайға байланысты және тағы да басқа өзекті сұрақтар талқыланды.



Баубек Бұлқашев атындағы жас журналистер клубының жаршысы

2016 жылы қаңтардың 30-ынан бастап шығады - Издаётся с 30 января 2016 года

Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі.

А. Байтұрсынов

Журналист

(Journalist)



№8 (33), желтоқсан, 2020 жыл

Ұлт ұрпағы

„РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ“ БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДАҒЫ КЕЛЕЛІ ІСТЕР

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің «Рухани жаңғыру» институты бойынша 2020 жылғы атқарылған кейбір жоспарлы жұмыстар туралы ой бөлісуді жөн көрдік. Биыл алғашқы кезекте фундаментальды ғылыми-зерттеу жобаларына баса мән берілді. Мәселен, «Рухани жаңғыру» институтының директоры, п.ғ.д., профессор А.С.Қыдыршаевтың жалпы редакторлығымен қазақтың көрнекті ақыны, қоғам қайраткері Жұбан Молдағалиевтың 100 жылдығына орай «Жұбан Молдағалиев» энциклопедиясы басылым көрді (*Жұбан Молдағалиев. Энциклопедия/ Бас редакторы А.С.Қыдыршаев. – Орал: «Полиграфсервис» ЖШС баспасы, 2020. – 608 бет + 16 бет түрлі-түсті фотосурет*). Энциклопедия – грек тілінен аударғанда жинақы ойдың туындысы. Энциклопедияға Жұбан ақынға қатысты 300-ден астам тұлғаның есімін енгізу, 500-ден астам елдімекен атауы мен алуан еңбектердің мәліметтерін ұсыну, Жұбан Молдағалиевтың екі мыңнан астам өлеңдерін талдап, үзіндісін беру жоспарланған-ды. Энциклопедиямен жұмыс 2020 жылдың наурыз айынан қыркүйек айына дейін жүргізілді. Энциклопедияның тұсаукесер рәсімі 2020 жылдың 26 қыркүйегінде Хадиса Бөкеева атындағы облыстық қазақ драма театрында өткізілді; «Батыс Қазақстан облысындағы қоғамдық-саяси ахуалға мониторинг» тақырыбындағы әлеуметтану бағытындағы зерттеу жұмысы. Зерттеудің мақсаты - Батыс Қазақстан облысы тұрғындарының әлеуметтік әл-ауқат жағдайына, олардың елдегі және аймақтағы қоғамдық-саяси ахуал туралы пікірлеріне, қазіргі мемлекеттік саясатқа және саяси процестің субъектілеріне көзқарасына қатысты тоқсан сайынғы бақылау жүйесіне зерттеу жүргізу. Осы негізде саяси тұрақтылық пен әлеуметтік тиімді қолдауды қамтамасыз ету бойынша практикалық ұсыныстар әзірлеу. Зерттеу 2020 жылдың маусымынан желтоқсанына дейін жүргізілді; «Батыс Қазақстан облысындағы сыбайлас жемқорлық көріністері туралы қоғамдық пікірді айқындау» тақырыбындағы әлеуметтану бағытындағы зерттеу жұмысы. Бұл социологиялық зерттеудің мақсаты - БҚО тұрғындарының сыбайлас жемқорлыққа қатысты көзқарасын сипаттау, осы құбылыстың тұлғалар өміріндегі орнын анықтау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекет қабылдаған шаралар туралы халықтың пікірін білу, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша ұсыныстар әзірлеу. Зерттеу 2020 жылдың шілдесінен қыркүйегіне дейін жүргізілді; «Мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қоғамдық мониторинг жүргізу» атты әлеуметтану бағытындағы зерттеу жұмысы. Бұл социологиялық зерттеудің мақсаты - Батыс Қазақстан облысы тұрғындарының қызмет көрсетушілер ұсынатын мемлекеттік қызметтердің қол жетімділігіне, сапасы мен тиімділігіне қанағаттану деңгейін нақтылау, қызмет көрсету кезінде туындайтын проблемаларды анықтау, сондай-ақ осы проблемаларды мейлінше азайту және оларды тиімді шешу бойынша ұсыныстар әзірлеу. Зерттеу 2020 жылдың қыркүйек айынан желтоқсан айына дейін жүргізілді, т.б.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында халықаралық, республикалық және облыстық ғылыми-тәжірибелік конференциялар өткізілді. Мәселен, «Жұбанның жыры – ғасырлар үні» атты Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, қоғам қайраткері, ақын Жұбан Молдағалиевтың туғанына 100 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми онлайн конференциясы. Модераторы: Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы, «Рухани жаңғыру» институтының директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық ғылымдары академиясының академигі. Спикерлер Қазақстан Республикасы Жазушылар одағының төрағасы, ақын Ұлықбек Оразбайұлы Есдәулет; ақын, аудармашы, публицист, «Венец» сыйлығының лауреаты Татьяна Кузовлева (Москва қ., Ресей), «Алаш» Халықаралық әдеби сыйлығының иегері, «Құрмет» орденінің иегері Бақтыгереева Ақұштап Бақтыгерейқызы, Түркия елінің Мерсин университетінің профессоры Али Арслан, Әзірбайжан ғылым академиясының профессоры Саилов Галиб Әмірағаоглу, т.б. болды; «Әбу Насыр әл-Фараби - Ұлы Даланың рухани ұстазы» атты халықаралық онлайн-дөңгелек үстелі. Модераторы: Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы, «Рухани жаңғыру» институтының директоры. Ғалым-энциклопедист, ойшыл Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығына арналған «Әбу Насыр әл-Фараби - Ұлы Даланың рухани ұстазы» атты дөңгелек үстелге Ресей Федерациясының Орынбор және Саратов облыстары мен Қазақстан Республикасының Батыс облыстарының ғалымдары қатысты; «ЕАЭО елдері арасындағы қазіргі санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды еңсергеннен кейінгі сауда-экономикалық қатынастардың даму болашағы» атты халықаралық бейнеконференциясы. Модераторы: Юрий Аршинов – РФ Саратов облысының экономикалық даму

министрінің кеңесшісі. Халықаралық бейнеконференция жұмысына «Рухани жаңғыру» институтының директоры А.С. Қыдыршаев пен ғылыми қызметкері Т.Т. Шайхиев қатысып, баяндама жасады; «Абайдың өмір жолы және шығармашылығы» атты халықаралық бейнеконференциясы. Модератор: «Еуразия халықтары достастығы» ОХА Басқарма төрағасы В.В. Амелин (РФ, Орынбор қ.). Халықаралық бейнеконференция жұмысына «Рухани жаңғыру» институтының директоры А.С. Қыдыршаев пен ғылыми қызметкері Т.Т. Шайхиевтер қатысып, баяндама жасады; «Ресей-Қазақстан: тату көршілік пен достықты нығайтудағы саяси көшбасшылық факторы» атты халықаралық сарапшылар форумы. Модераторы: «Еуразия халықтары достастығы» ОХА Басқарма төрағасы В.В. Амелин (РФ, Орынбор қ.). Халықаралық сарапшылар форумы жұмысына «Рухани жаңғыру» институтының ғылыми қызметкері Т.Т. Шайхиев қатысып, баяндама жасады; «Конституция: бірлік, тұрақтылық, даму» атты өңірлік ғылыми-тәжірибелік бейнеконференция. Модераторы: М. Өтемісов атындағы БҚУ ҚХА кафедрасының меңгерушісі, «Рухани жаңғыру» инсти-



тутының ғылыми қызметкері Т.Т. Шайхиев. Биыл - Қазақстан Республикасы Конституциясының 25 жылдығы. Конституция - маңызды құқықтық құжат. Конференцияда «Рухани жаңғыру» институтының директоры А.С.Қыдыршаев кең көлемді баяндама жасады. Конференцияға облыстық Ассамблеяның құрылымдық бөлімшелері, этномәдени және қоғамдық бірлестіктер, ғылыми сараптамалық топтың сарапшылары, ғалымдар «Қоғамдық Келісім» КММ қызметкерлері, БАҚ өкілдері қатысты; «Ұлттық бірегейлікті сақтаудағы ҚХА рөлі» атты облыстық ғылыми-тәжірибелік конференциясы. Модераторы: М.Өтемісов атындағы БҚУ ҚХА кафедрасының меңгерушісі, «Рухани жаңғыру» институтының ғылыми қызметкері, Т.Т.Шайхиев. Конференцияға БҚО жоғары оқу орындарының ғалымдары қатысты. Қатысушылардың жалпы пікірі бойынша, қазақ халқының ұлттық бірегейлігі мәселесін зерттеу үшін, оның тарихи өткенін саралап, сонымен қатар қазіргі кездегі Қазақстандағы ұлттық идеологияның жағдайына баға беру қажеттілігі айтылды.

Сондай-ақ студенттердің қатысуымен өткізілген қоғамдық, тәрбиелік-шараларға баса мән берілді. Кейбірі төмендегіше: Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына және Қазақстан халқы тілдер күні мерекесіне арналған «Тіл – ұлт қасиетінің, салт-санасының негізгі өзегі, халықтың басты белгісі» тақырыбындағы онлайн семинар 2020 жыл 4 қыркүйек күні ZOOM платоформасында өткізілді; Ғұлама ғалым Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығына орай «Шығыстың Аристотелі» тақырыбындағы жалпы университеттік және факультетішілік (6 факультет бойынша) онлайн дәріс (08-16.10.2020ж. аралығында). Оған 700-дей студент қатысты; 7 қыркүйекте «Ер қанаты - жылқы» тақырыбында эссе байқауы; «Сананың ашықтығы - жастардың келешегі» атты пікірсайыс турнирі 10 қыркүйекте өткізілді; Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласына орай «Филология көшбасшысы» интеллектуалды ойыны; 14 қыркүйекте «Қазақ тілі латын әліпбиінде» тақырыбындағы дөңгелек үстел; «Абай-тұтас қазақ ақыл-ойының барометрі» тақырыбында профессор Абат Қыдыршаевтың онлайн шеберлік сағаты 2020 жыл 16 қыркүйек күні өткізілді; «Үш тұғырлы тіл – жарқын болашақтың көпірі» тақырыбындағы пікірталас алаңы 21 қыркүйекте ұйымдастырылды; 23 қыркүйекте «Ұлы дала ұлысы» атты

БҚО-дағы тарихи тұлғалардың өмірі мен шығармашылығына шолу ұйымдастырылды; «Бәсекелестік қабілет – сапалы білім бастауы» тақырыбындағы пікір-алмасу ZOOM платформасында өткізілді; 24 қыркүйек күні «Тіл - өлшеусіз қазына, өрісі кең әлем» / “Language is a national treasure” атты 2 курс студенттері арасында үш тілде онлайн-сайыс; «Ұлттық құндылық – ұлттың тірегі» тақырыбындағы танымдық шара; «Прагматизм – рухани жаңғыру бағытының мәні» тақырыбындағы дөңгелек үстел; «Ұлттық құндылықтарды насихаттай білейік!» тақырыбында интеллектуалды ойын; «Туған өлке – тұнған тарих» тақырыбында ортағасырлық Жайық қалашығына экскурсиялық сабақ; 2020 жыл 14 қазанда «Қазақ даласы – ежелгі металлургияның отаны» облыстық тарихи-өлкетану мұражайына саяхат; «Өлем туған елді танудан басталады» тақырыбындағы өлкетанушылық, географиялық интеллектуалды ойыны; «Жаңа әліпби емлесін оқыту әдістемесі» тақырыбында университет қызметкерлеріне семинар-сабақ; «Атқа міну мәдениеті Ұлы даладан тараған» тақырыбында қазақтың ер-тұрман ат өбзелдерін таныстыру; «Латын әліпбиі - өркениет жолы» тақырыбындағы дөңгелек үстел жұмысы; Алтын Орданың 750



жылдығына орай «Алтын Орданың қалалары мен далалары» атты факультетішілік квест ойыны; «Өтемістен туған он едік, онымыз атқа мінгенде, жер қайысқан қол едік» атты студенттер арасында махамбеттанушылар сайысы; «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» тақырыбында қазақ батырларының тұлпарлары бейнесі сипатталған өлеңдерді жатқа оқудан жарыс; «100 жаңа оқулық: білім жаңғыруының бастауы» атты танымдық сайысы; «Айбынды Алтын адам» тақырыбында университет тарихшыларымен кездесу; 29 қазандағы ZOOM платформасы арқылы «Отандық металлургия өндірісі» тақырыбында танымдық сабақ; қыркүйек айының соңғы аптасында Бөкейордасы, Жаңақала аудандарының тарихи орындарына университет студенттерінің бір апталық экскурсиясы ұйымдастырылды (Университет ректоратының қаржылай қолдауымен); М. Өтемісов атындағы БҚУ-дың «Рухани жаңғыру» институтының ұйымдастыруымен білім ордасының «Өркен» газетінің бетінде студенттерге арналған «Рухани жаңғыру» жаршысы (*газет ішіндегі газет*) айына бір рет шығарылып келеді. Қысқасы, тек қана 2020 жылғы қаңтар-желтоқсан айлары аралығында университет ғылымдарының әзірлеуімен «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында 5 (бес) монография, 30 оқу құралы, 250 мақала жарық көрді, т.б.

Университетіміздегі «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жоспарлы түрде ұйымдастырылған «Махамбет» республикалық әдеби-мәдени, танымдық журналының тұсаукесеріне арнайы келген Батыс Қазақстан облысы өңірлік-жобалық кеңсе жетекшісі **Әдемі Махамбетқызы** сөз алып, университетіміздің «Рухани жаңғыру» институтының директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі Қыдыршев Абат Сатыбайұлына бүгінгі жаңа ұрпаққа арналып, жүйелі ұйымдастырылып жатқан тағылымды іс-шараларға ризашылығын білдіре келе, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын Батыс Қазақстан облысында жүзеге асыруға зор үлес қосқаны үшін М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің «Рухани жаңғыру» институты ұжымына алғыс жариялап, арнайы төсбелгісін ұсынды.

Жанар ҚАБДІРАХИМОВА,
«Рухани жаңғыру» институтының әдіскері



Рух

«Махамбет» журналының тұсауы кесілді

Басылымдардың әлемдік үрдісінің жалғасы іспетті еліміздегі тағылымы мол мәнді оқиға – «Махамбет» республикалық әдеби-мәдени, танымдық журналының жарық көруі. Басылымның алғашқы саны жарық көрген тұста осы жылдың наурыз айының 4-інде журналдың тұсауы Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде осы білім ордасының ректоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Идрисов Саламат Нұрмұханұлының қолдауымен кесілген-ді. Содан бері басылымының төрт саны жарық көрді. «Махамбет» журналының құрылтайшысы әрі шығарушысы «Болат-медиа» мекемесінің жоспарына сәйкес 2020 жылдың желтоқсан айының 4-і күні Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде (*Орал қаласы*) аталмыш журналдың бір жылдық толық санының таныстырылымы өткізілді. Ел Тәуелсіздігі мерекесі қарсаңында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында өткізілген «Махамбет» журналының таныстырылым-тұсаукесерінің эпиграфы ретінде Махамбет сынды қыранқия биігіндегі ақынның **«Арғымақтың баласы аз оттар да, көп жусар, Азамат ердің баласы аз ұйықтар да, көп жортар»** секілді өлең тармақтары алынды. Модераторы: Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы, «Рухани жаңғыру» институтының ди-

иегері; Исакова Индира Идиятқызы, аға оқытушы, магистр. Сондай-ақ «Төбіреніп шынайы жыр арнадым, Салмақ салып саналы жүрегіме» тақырыбында ақынға арнау арналды («Аманат». Нұртілеу Қадырқұлов («Филология:қазақ тілі» мамандығы, III курс); «Ғашықтық». Әділ Ахмет («Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы, I курс). Жетекшісі: Мұханбетқалиев Әскен Самұратұлы, филология факультетінің деканы, п.ғ.к., доцент).

Кезек «Махамбет» республикалық әдеби-мәдени, танымдық журналының тұсаукесер рәсіміне келген кезде ортаға ел азаматтары Н.Х.Серғалиев, Ж.Д.Ақбай, А.Б.Бақтыгереева, Қ.Т.Төлеуішов, Ө.Махамбетқызы, Б.Е.Халиолла, М.Х.Шүйіншәлиева, Ж.С.Ғалиевтер шақырылды. Алғашқы құттықтау сөзді М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің ректоры, б.ғ.к., профессор, Қазақстан Ұлттық Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, «Махамбет» журналының ақылдастар алқасының мүшесі **Серғалиев Нұрлан Хабиболлаұлы** алып, толғанысты ойын былайша өре білді: *Ардақты ағайын! Қадірлі әріптестер! Іргелі махамбеттанушылар тұжырымдарына сүйене айтсақ, Махамбет – қыранқия биігіндегі ақын. Махамбет – от*

көздерін ұсыну. Бүгінгі басылым махамбеттанудың тың жолы болғай! Осы жолда баршаңызға Махамбет баба рухы жар болғай!»

Өз тұсында «Махамбет» журналының құрылтайшысы әрі шығарушысы «Болат-медиа» мекемесінің директоры, «Үш қоңыр» республикалық әдебиет, мәдениет және өнер газетінің бас редакторы Батыр Болат Батырұлы, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің құрметті профессоры, мәдениет саласының қайраткері, өлкетанушы ғалым Жайсаң Ақбай Досболатұлы, ақын, Қазақстан Жазушылар одағының Батыс Қазақстан облысы филиалының төрағасы Халиолла Бауыржан Ерғенұлы, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Жүсіп Қадір Өтегенұлы (*онлайн*), ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасының әдебиет пен өнер саласындағы Мемлекеттік сыйлығының иегері Бақтыгереева Ақұштап Бақтыгерейқызы, театр қайраткері, «Шапағат» медалінің иегері Төлеуішов Құжырғали Төлеуішұлы, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессоры, ҚР Білім



ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, «Махамбет» журналының ақылдастар алқасының мүшесі. Таныстырылым бағдарламасына сәйкес басқосу Ықыластың «Кертөлғау», Махамбеттің «Қыыл қырғыны» күйлерімен, Алексей Бородиннің «Песня половцов из оперы «Князь Игорь» әуенімен ашылды. Аталған күйлерді асқан шеберлікпен қобыз аспабында «Мәдениет және өнер» факультетінің I курс студенттері («Дәстүрлі өнер» мамандығы) Гүлжанар Жайғали, Дарина Ақбалаева, Зарина Өтепбергеновалар орындады. Жетекшісі: Ерғалиева Айгүл Темірболатқызы, өнертану ғылымдарының кандидаты, доцент. Одан әрі «Махамбет рухын пір тұтып...» (Дауылпаз ақын өлең-жырлары бүгінгі ұрпақ жадында) тақырыбында университет студенттері ақын өлеңдерін оқыды (Ғабиден Ғабитов, «Қызғыш құс»; Ернұр Кінәмаев, «Атадан туған аруақты ер» (*«Филология:қазақ тілі» мамандығы, IV курс*); Ернұр Изимов, «Желп-желп еткен ала ту» (*Филология:қазақ тілі, III курс*); Айтуған Тастенов, «Күн қайда?» (*Филология:қазақ тілі, II курс*); Зейнұр Бекболатұлы, «Ереуіл атқа ер салмай» (*«Мәдени-тынығу жұмысы» мамандығы, II курс*); Данара Төлегенова, «Арғымақ, сені сақтадым» (*Филология:қазақ тілі, I курс*); Жанерке Матышева, «Жалғыздық» (*Қазақ тілі мен әдебиеті, I курс*). Жетекшілері: Ақболатов Айдарбек Ахметұлы, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің орыс филологиясы кафедрасы меңгерушісі м.а., PhD, қауымдастырылған профессор; Мамбетова Әсел Иманғалиқызы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, «Дарын» Мемлекеттік сыйлығының



ауызды, орақ тісті шешен. Махамбет – егемен елдіктің өшпейтін рухы. Махамбет – ұлттық менталитетімізге тән ерлік пен елдіктің өшпес рухы. Махамбет – өмірдегі қасіреттің синонимі, өнердегі қасиеттің символы. Махамбет – ұлттық тұлға, ол-батыр, ақын, күйші, азаттық жолындағы күрескер. Махамбет – қазақ халқының XIX ғасырдың алғашқы жартысында жасаған ірі тарихи тұлғасы, жыраулық поэзияның біртуар дара жұлдызы, сирек суреткерлік дарын иесі, дәстүр жаңғыртушысы. Махамбет – өз дәуірінің тынысын, талабын дұрыс түсініп, көре білген майталман ғұлама. Махамбет – сөздің қуатын, құдіретін, тұңғығын терең барлаушы. Махамбет – сөздің магиялық күшін, эмоциялық қуатын, эстетикалық әсерін күшейтуші, самғау биікке көтеруші. Махамбет батыр ерлік ісімен, үлгілі сөзімен халық шешендігіне қаһармандық рух дарытқан. Ол – халық алдында әділетсіз хан-сұлтанды әшкерелеп, масқаралап, тайсалмай сөйлейтін жауынгерлік шешендік сөзге үлес қосушы. Демек, бүгінгі ақын баба атындағы университетімізде тұңғыш рет тұсауы кесіліп отырған «Махамбет» журналы қайталанбас ақын рухын асқақтатса дейміз. Журнал – мерзімді басылым ретінде бұқаралық ақпарат құралдарының бірегей түрі. Осы журналда баба тағылымына қатысты зерттеулер кең көлемде баяндаларына, ғылым, білім саласындағы деректерге тереңірек талдау жасаларына, басылым өзіндік ұстанған көркемдік бағытына орай қоғамдық пікірді қалыптастыруға ықпал етеріне сенемін. Қымбатты қауым! «Махамбет» журналын ұсынудағы мақсат – бабаларымыз жөнінде кейінгі ұрпақ өкілдеріне мейлінше мол мәлімет

– өз дәуірінің тынысын, талабын дұрыс түсініп, көре білген айбынды ойшыл ақын. Сол себепті де ол әдебиетті жаңа бағытқа бұрды. Ең бастысы – көркем әдебиетті хан сарайынан шығарып, бұқара ортасына әкелуші. Әдебиеттің міндеті өміршіге қызмет ету емес, қоғамға қызмет ету деп білді. Қоғамға қызмет етуді әр адамға, оның сезіміне әсер ету, оның бойына рух дарыту, сөйтіп көпшілікке ықпал ету ғана емес, қоғамға қызмет ету деп білді. Бұл ретте Махамбет – сөздің қуатын, құдіретін, тұңғығын терең барлаушы да. Демек, Махамбет баба мұрасы – ұлттық құндылық көзі. Әріптестер! Махамбет университетінің шаңырағын биіктетер, білім ордасының имиджін еселей арттырар жаңа журналымыз құтты болсын! Басылым университеттің ғылыми әлеуетін байытқай!»

Иә, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқандай, «қазақ жырының ой-санасы – Абай, ар-намысы – Махамбет. Абайдың ғибратымен, Махамбеттің жігерімен еңсе тіктеген әлеуметпіз. Бірі – рухани ұстазымыз, бірі – рухани ұранымыз» емес пе. Ақын Рафаэль Ниязбекше қайырсақ, «Жарқылдап көкте ойнаған, Махамбет – жасын найзағай, Болашақ қамын ойлаған, Толықсып туған найзалы Ай. Кешсе де бәрін азаптың, Арымас Алаш арысы. Махамбет – батыр қазақтың, Бұлқынған асау намысы» екенін білгенге не жетсін!

Абат ҚЫДЫРШАЕВ,
Махамбет Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан университетінің
«Рухани жаңғыру» институтының директоры

Әріптестер мерейі

Поздравляем учёных ЗКУ им. М.Утемисова с заслуженным научным достижением!!!
- **Ахмеденова Кажмурата Максutowича** с присуждением ученого звания профессора! (Приказ Комитета по обеспечению качества в сфере образования и науки МОН РК от 16.11.20. о присуждении ученого звания).

- **Ворфоломееву Ольгу Викторовну** с присвоением звания «Почетный доктор наук» - Dr.Honoris Causa Международной Академии Естествознания.

Желаем дальнейших научно-творческих успехов и профессиональной реализации!

Халықаралық еріктілер күніне арналған «Әлеуметтік студенттік ваучер» жобасы аясында жастардың еріктілер қозғалысын дамытуға қосқан үлесі үшін М.Өтемісов атындағы БҚУ студенттері **Ажар Хадеш, Арсен Мусағалиев, Өмірбек Арстан** мен Жастар ісі жөніндегі комитеттің аға консультанты **Жанбота Есенғалиевна** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Қаржы орталығы» акционерлік қоғамының Алғыс хатымен марапатталды. Құттықтаймыз!





Батыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің басшысы **Ақмырзаев Рустам Сапарбекұлы** Алғыс хатпен марапаттады. Құттықтаймыз!

Мемлекеттік және қоғамдық қызметте сіңірген еңбегі елдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға қосқан үлесі үшін 2020 жылғы 3 желтоқсандағы ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың Жарлығы бойынша «Рухани жаңғыру» институтының ғылыми қызметкері **Шайхиев Тұрар Төлегенұлы**, фотограф **Халелов Рафхат Елжасұлы**, самбодан әлем чемпионы **Бақыт Ерасыл Шерниязұлы** мен волонтер-дәрігер **Мукашев Серік** Мемлекет басшысының Құрмет грамотасымен және медалімен марапатталды.

Шын жүректен құттықтаймыз!

Online wellness session has been organized

At the West Kazakhstan University named M.Utemisova General Department of physical education conducted online Wellness exercises for 1 year students.

Goal: Attract students to a healthy lifestyle.

Wellness exercises were held from November 10 to 12 for all faculties of the University.

Students who did not have contraindications for health reasons took part.

West Kazakhstan University students took part in this event with pleasure.

They were energized and also kept cheerful and active for the whole day. I would like to wish everyone who took part in this event to be healthy and have fun so that everything works out.

COMPETITIONS WERE HELD

In honor of the Independence Day of the Republic of Kazakhstan, from November 6-8, competitions were held among students of the West Kazakhstan University named after M. Utemisova. Competitions were held remotely using Internet technologies. The competition was held in this way for the first time at our university. Took part from 1 to 4 courses in strength gymnastics.

Boys: Bar Chin-Up

Girls: Raising the torso from a supine position.

The seats were distributed as follows:

1st place Physics and Mathematics Faculty

2nd place Philological Faculty

3rd place Faculty of Natural Geography

The teams were awarded with certificates. The participants received a charge of vivacity and positive emotions, showing sports interest and showing their physical abilities.



Бәрікеңгі!

Батыс Қазақстан облысының Ішкі саясат басқармасы, «АҚ ЖОЛ» шағын және орта бизнесті қолдау Қауымдастығы» ЗТБ мен «Ақжайық – адалдық алаңы» жобалық кеңсесінің ұйымдастыруымен **«Сыбайлас жемқорлық біз үшін жат»** тақырыбына арналған шығармалар байқауында **Аймақтану мамандығының 3-курс студенті Альбина Джаумитбаева** жүлделі III орынды иемденді. Альбинаны құттықтай отырып, шығармашылық шабыт тілейміз!

Жақында Қазақстан студенттерінің Альянсының ұйымдастыруымен еліміздің астанасы Нұр-сұлтан қаласында Әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойына арналған республикалық пікірсайыс турнирі өтті.

Аталмыш турнирге М.Өтемісов атындағы БҚУ-дың студенттері **Жалмұқан Ерсұлтан, Нұрлан Арман және Зейнуллин Ақтілек** қатысқан болатын. Турнир қорытындысы бойынша ЛД форматы бойынша 1/4 кезеңге Зейнуллин Ақтілек жеткен болса, Жалмұқан Ерсұлтан және Нұрлан Арман пікірсайысшыларынан құралған «Батыс 07» фракциясы жүлделі 3-орынды қанжығаларына байлады. Сонымен қатар, Жалмұқан Ерсұлтан ЛД форматы бойынша финалға өткен санаулы пікірсайысшылардың қатарынан табылды.

Пікірсайыс шындығын бағындырып жүрген шешен пікірсайысшыларымызды кезекті жеңістерімен құттықтаймыз! Алар асуларыңыз биік болғай!

Шымкент қаласында өткен бокстан ерлер арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионатында 49 келі ең жеңіл салмақта батысқазақстандық **Сәбит Даниял** чемпион атанды.

Даниял Ақжолұлы - БҚО Ақжайық ауданы Алғабас ауылына қарасты Тоған елді мекенінде 2002 жылдың 23 қарашасында дүниеге келген. Орал қаласындағы 2 жалпы орта білім беретін мектепті биыл үздік аттестатпен бітірді. Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің денешынықтыру және спорт мамандығының 1-курс студенті. Данияр Елеусінов атындағы бокс мектебінде жаттығады. Жаттықтырушысы - Сұлтанғалиев Сәттар Аманқосұлы.

Жеңіс құтты болсын!



Дене тәрбиесі кафедрасының 3-курс студенті **Ализа Ерниязова** Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің ұйымдастыруымен өткен Тоғызқұмалақтан Қазақстан Республикасының Кубогында жекелей есепте әйелдер арасында 4 тақтада жүлделі I орынды иемденді. Жаттықтырушысы - Дене тәрбиесі кафедрасының аға оқытушысы Бекбаев Сатыбалды Шамыранұлы.

Ализаны атаулы жеңісімен құттықтай отырып, алдағы бәсекелерде де сәттілік тілейміз!



14 қараша күні Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті мен Атырау облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының ұйымдастыруымен **«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес-баршамызға ортақ іс»** атты Батыс аймақтық пікірсайыс турнирі өтті.

Аталмыш турнирге Махамбет атындағы Батыс Қазақстан университетінің студенттері, «Ақиқат» пікірталас орталығының мүшелері Әсел Алдабергенова, Нұрлан Арман, Айымбек Сарымсақов, Ерсұлтан Жалмұқан, Ермахан Амангелді қатысты. Турнирге қатысушы университетіміздің студенттері жоғары нәтиже көрсетіп жеке және топтық сында барлығы финалға шықты.

Турнир қорытындысы бойынша физика мамандығының 4-курс студенті **Айымбек Сарымсақов** «ЛД» форматы бойынша финалдық бәсекеде мықтылығын дәлелдеді. «БПФ» форматы бойынша филология: қазақ тілі мамандығының 3-курс студенті **Е.Амангелді** мен құқықтану мамандығының 4-курс студенті **Е.Жалмұқаннан** құралған топ жүлделі 2-орын иегері атанды. Жалынды жастарды айтулы жетістіктерімен құттықтаймыз!

Жаратылыстану - география факультетінің 3-курс студенттері **М.Амангельдиев, Ғ.Қайыров** пен Педагогика факультетінің 3-курс студенті **А.Мусағалиев**, жасақ командирі Физика - математика факультетінің 4-курс студенті **Ж.Мендешұлы** еңбек еткен «НұрҚапСтрой» еңбек жасағы **«ҮЗДІК ЕҢБЕКҚОР ЖАСАҚ»** аталамын жеңіп алды.

Құттықтаймыз!

РЕДАКЦИЯҒА КЕЛІП ТҮСКЕН МАТЕРИАЛДАР ӨНДЕЛЕДІ. ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӨЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

Махамбет Өтемісов атындағы

Батыс Қазақстан

университеті.

Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 10.12.2012ж. қайта есепке алу туралы №13213-Г куәлігі берілген.

Таралымы 800. Тапсырыс № 2569

РЕДАКТОР: Азиза СУЙНШКАЛИЕВА

ТІЛШІЛЕР: Аида ОРАЗОВА, Дария ДЖУМАГАЛИЕВА, Нұрайлым ҚҰБАЕВА, Гүлбибі БАҚЫТБАЕВА, Анэля ЖОНЫСОВА, Шұғыла Еңсеп

СПОРТ-ТІЛШІ: НҰРЛЫБЕК НАУРЫЗБАЕВ

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:

Асель АБДУЛЛИНА

ФОТОСУРЕТ:

Рафхат ХАЛЕЛОВ, Оқу теледидары және графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді.

«Көкше-Полиграфия» АҚ баспаханасында басылды.

Мекен жайы: Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Ауельбеков көшесі, 98.

Тел.: 8-716-25-24-90

Мекен-жайымыз: 090006, Орал қ., Н.Назарбаев даңғылы, 162, тел.: 50-94-45. Біздің сайт: www.wksu.kz, e-mail: orken.gazeti@mail.ru